БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 234 (9552) ‖ 1954 жылғы 26 ноябрь Жұма ‖ Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тиын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

АГРО-ЗООТЕХНИКАЛЫҚ КУРСТАРДА: **Б. Жақыпов.** —Маман кадрлар даярлаудағы жауапсыздық **Г. Темірболатов.** — Агро-зоотехникалық оқу басталған да жоқ (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Кадрларды дұрыс іріктеп алу және орналастыру —маңызды мәселе (2-бет).

БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ОРЫНДАУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАРЫС: **Қ. Смағұлов.** —Москвалықтардың бастамасымен (2-бет).

**А. Авдеев.** —Монгол Халық Республикасына Отыз жыл. (2-бет).

**Андрей Январьевич Вышинский** (3-бет).

**В. Дамаскин.** —Ауқатты тұрмыстың айғағы (3-бет).

**А. Котяков.** —Омарта шаруашылығын өркендете беремiз (3-бет).

**К. Ғалиев.** —Колхозшылардың сүйікті орны. (3-бет).

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ: **Б. Жақиянов.** —Ебін тауып екі асап жүргендер. **Ж. Абдрахманов.** —Жаңа фильмдер көрсетілсе екен (3-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

## ОБЛЫС ЕҢБЕКШІЛЕРІНІҢ ҚАЛАУЛЫ КАНДИДАТТАРЫ

Кәзір облысымыздың барлық жерлерінде халық соттарының алдағы сайлауына әзірлік жұмыстары күн санап кең өріс алуда. Еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің аткомдері сайлау округтері мен сайлау пункттерін құрып, сайлаушылардың тізімдерін жасауды аяқтады. Партия ұйымдары үгіт коллективтерінің құрамын толықтырып, сайлау алдындағы саяси үгітті еңбекшілердің тұратын жерлер мен қызмет істейтін орындарына қарай ұйымдастырып отыр.

Облыс еңбекшілерінің, партия, қоғам ұйымдарының халық соттарының құрамына кандидаттар ұсынуға арналған жиналыстары саяси зор белсенділікпен, социалистік мемлекеттің маңызды буыны—советтік соттың жұмысын онан әрі жақсарту, өнеркәсіп пен транспортты, социалистік ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күресте жаңа табыстарға жету ұранымен өтті. Бұл жиналыстарда жұмысшылар мен колхозшы шаруалар, совет интеллигенттері Коммунистік партия мен Совет үкметіне шексіз сүйіспеншіліктерін білдіріп, халық соттарының құрамына кандидат етіп, өздерінің таңдаулы ұлдары мен қыздарының есімін атады.

Мәселен, қаладағы шағын двигательдер заводының жұмысшылары, инженер- техник қызметкерлері өздерінің сайлау алдындағы жиналысында № 16 Ленин сайлау округі бойынша халық судьялығына кандидат етіп Валентина Ивановна Ғалныкина жолдасты бірауыздан ұсынды. Ол социалистік меншікті, совет адамдарының праволарын қорғауда кажырлы еңбек етіп, кала халқының құрметіне бөленді. Сондықтан да Ғалныкина жолдастың кандидатурасы кеше болып өткен сайлаушылар өкілдерінің округтік жиналысында жаппай қолдау тапты.

Облыс еңбекшілері халық судьялығына кандидат етіп заң қызметкерлерінен 20 адамды ұсынды. Олардың бәрі де арнаулы білімдері, советтік сот жұмысын жүргізуде тәжрибелері барлар. Кандидаттардың ішінде халық судьясы болып 19 жыл жұмыс істеген Қ. Тілеубердин, А. В. Гусинский, М. П. Сыченко, С. С. Таубаев, Ю. М. Змеев және басқа жолдастар бар.

Біздің елімізде еңбекшілер бұқарасы сот билігіне тікелей қатысады. Тек қана біздің облыс бойынша халық заседательдігіне 1848 жұмысшының, колхозшының, қызметкерлердің, үй шаруасындағы әйелдердің кандидатуралары ұсынылуы мұны айқын дәлелдейді.

Қалада және аудандарда сайлаушылар өкілдерінің округтік кеңестері болып өтті. Бұл кеңестерде халық судьялығына және халық заседательдігіне ұсынылған кандидаттар зор қолдау тауып, сайлау күні коммунистер мен партияда жоқтар блогы ұсынған кандидаттарға дауыс беру жөнінде округ сайлаушыларына арналған үндеу қабылданды. Еңбекшілер депутаттарының қалалық және аудандық Советтері халық судьялығы мен халық заседательдігіне кандидаттарды тіркеу жұмысын аяқтады.

Осыған байланысты кәзір сайлау алдындағы саяси үгіттің жаңа кезеңі басталды. Партия ұйымдары, үгітшілер коллективі, әрбір сайлау округтері мен сайлау пункттері бойынша, өнеркәсіп орындарында, колхоздар мен совхоздарда, мекемелерде және басқа елді пункттерде халық соттарының құрамына ұсынылған кандидаттарды жақтаған үгітті кеңінен өрістетуге тиіс. Бұл жұмыста өткен сайлауда жүргізілген саяси үгіттің

*Қазақстан КП облыстық комитетінде*

## Петропавл МТС-інде тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспарының орындалмай қалуы туралы

Петропавл МТС-інде оның басшыларының кінәсінен 1954 жылдың төртінші тоқсанына белгіленген тракторларды, комбайндарды және ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің мемлекеттік жоспары орындалмай қалды. МТС-те мастерской жөндеу жұмыстарын жүргізуге дайын болмады, жөндеу жұмысы ұйымдастырылмады. Осының салдарынан мастерскойда октябрь мен ноябрьде бірде-бір трактор немесе ауылшаруашылық машинасы жөнделіп шығарылмады. Жоспардың орындалмауын жасыру мақсатымен МТС директоры Любарь жолдас көзбояушылыққа және алдау жолына түсті: осы жылғы 20 ноябрьдегі мәліметке жөнделмеген үш трактор мен үш комбайнды жөнделді деп қосқан.

МТС директоры Любарь мен партия ұйымының секретары Бенделев жолдастар жұмысшылар арасында еңбек тәртібін жаппай бұрмалау фактілерімен келісіп, станция мастерскойында техниканы жөндеу және колхоздардағы ауылшаруашылық жұмыстарына механизаторлар кадрларын толық пайдалану үшін шаралар қолданбады. МТС-тің 217 тұрақты жұмысшыларынан мастерскойдағы жөндеу жұмысына небары 77 адам, оның ішінде жөндеу жұмысына 23 адам ғана қатысып жүр.

МТС-те қолда бар техниканы сақтау ісіне немкетті қарау орын тепкен. Мұнда күні бүгінге дейін тракторларды және басқа машиналарды колхоздардағы ауылшаруашылық жұмыстары аяқталғаннан кейін тапсыру тәртіпке келтірілмеген. Осының салдарынан МТС усадьбасына әкелінген техника иесіздікке ұшырап, бүліне бастаған. МТС усадьбасына жеткізілген тракторларды, комбайндарды, жер өңдейтін машиналарды бригадирлерден ешкім қабылдап алмаған және иесіздік жағдайына ұшыраған. Бірқатар машиналар балшықтан тазаланбаған. Комбайндардың арматуралары штрубалды алаңдарда жатқан, кейбір комбайндардың бактарындағы бензин құйылып алынбаған.

МТС-те тракторлардың, комбайндардың және басқа ауылшаруашылық машиналарының бөлшектенуіне жол берілген. Мәселен, № 21 «ЧТЗ—С—60» тракторы...

...дің 1954 жылғы төртінші тоқсанына белгіленген жоспарының орындалмауы МТС директоры Любарь жолдастың тапсырылған іске партиялық және мемлекеттік жауапкершілік сезімін жоғалтуы, станцияның алдында тұрған міндеттерді орындауға немкетті қарауы, МТС пен колхоздарға үстірт және бюрократтық басшылық жасауы салдарынан болып отыр.

Любарь жолдас өзінің жұмыс уақытының көпшілігін станция кеңсесінде өткізіп, колхоздарда сирек болады, МТС қызметкерлері мен ауылшаруашылық мамандарынан өзін аулақ ұстайды, станция коллективінің кажеті мен тілегіне төрешілдікпен қарайды. Петропавл МТС-де жеті жыл бойы директор болып істеп, Любарь жолдас жұмысшылар мен мамандар үшін қажетті мәдени-тұрмыстық жағдай жасамады. МТС-те жөндеу жұмысындағы жұмысшылар үшін жатақхана, асхана, клуб және басқа мәдени-тұрмыстық мекемелер жоқ.

МТС партия ұйымының секретары Бенделев жолдас станцияның жұмысындағы ойсыраған олқылықтар мен елеулі кемшіліктерге төзіп, 1954—1955 жылдары жөндеу жұмыстарының жоспарын орындауды камтамасыз ету үшін қажетті шараларды кезінде қолданбады, мемлекеттік жоспарды орындау жөнінде станция басшыларына талап қоймады, Любарьдың антипартиялық мінез-құлқына ымырашылдықпен қарады. Мұның бәрі МТС партия ұйымының станция басшыларының жұмысына бақылау жасау правосының жүзеге асырылмауына, машина-трактор станциясында орын алған жағдайға дұрыс саяси баға бере алмауына әкеліп соқты. Партия ұйымы аудандық партия комитетінің алдына МТС директоры Любарьды және өздерінің жұмысына салқын қараған басқа басшы қызметкерлерді жауапқа тарту жөнінде мәселе қойған жоқ.

Партия ұйымы жөндеу жұмыстарында механизаторлардың социалистік жарысын кеңінен өрістетпеді, еңбек ұйымдастыруды жақсарту, өндіріске озат технологияны енгізу, тракторлар мен басқа да ауыл-

...на нашар басшылық жасап отыр. Аудандық партия комитеті және оның бірінші секретары Қабдунасов жолдас, аудандық партия комитетінің Петропавл МТС аймағы жөніндегі секретары Тимошин жолдас МТС-тегі төзгісіз жағдайды біле тұра, оның жұмысын жақсарту жөнінде қажетті шаралар қолданбады.

Тракторларды, комдайндарды, жер өңдейтін және егіс машиналарын жөндеу жоспарын орындамағаны, көзбояушылыққа салынып, алдағаны, техниканы бөлшектеп, оны иесіздікке ұшыратқаны, МТС жұмысшылары мен мамандарына дөрекілік жасап, төрешілдікке салынғаны үшін облыстық партия комитетінің бюросы М. И. Любарьды СОКП мүшелігінен шығарды және оны МТС директоры қызметінен босатты, облыстық прокурор Чувакин жолдасқа Любарьды қылмыс жауапкершілігіне тартуды тапсырды.

Станция администрациясының жұмысына бақылау жасамағаны үшін, МТС директорының антипартиялық мінез-құлқына принципті бола алмағаны үшін және 1954 жылдың төртінші тоқсанында тракторларды, комбайндар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жоспарын орындауға шаралар қолданбағаны үшін партия ұйымының секретары Бенделев жолдасқа қатаң сөгіс жарияланып, есеп карточкасына жазылды.

Петропавл аудандық партия комитетіне және оның секретарьлары Қабдунасов пен Тимошин жолдастарға машина-трактор станцияларына басшылықты жақсартуды, механизаторлар кадрлары үшін қажетті жағдай жасауда Петропавл МТС-іне көмек көрсетуді, партиялық-саяси жұмысты күшейтуді, тракторларды, комбайндарды және ауылшаруашылық машиналарын кезінде және сапалы жөндеуді қамтамасыз етуді, сөйтіп Петропавл МТС-нің жұмыста артта қалушылығын жоюға жетісуді тапсырды.

Облыстық партия комитетінің бюросы облыстық ауылшаруашылық басқармасының бастығы Коробовтың Петропавл МТС-нің жұмысына нашар басшылық жасаға-

## МЕКТЕП КОЛЛЕКТИВТЕРІНІҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРІ

Біздің елімізде коммунизмнің болашақ құрылысшылары — жас ұрпақтарды тәрбиелеу мемлекеттік зор маңызы бар іс болып табылады. Коммунистік партия мен Совет Үкметі халық ағарту ісіне күнбе- күн көңіл бөліп, әкелік қамқорлық жасап келеді. Оқу орындары санының жыл санап көбейе түсуі, онда оқитын оқушылар санының барған сайын артуы бұл қамқорлықтың іс жүзіндегі айқын айғағы болып табылады.

Совет Одағында жалпыға бірдей жетіжылдық білім алу іс енгізілген. Сонымен қатар кәзіргі уақытта республикалардың астаналарында және өнеркәсіпті ірі қалаларда жалпыға бірдей орта дәрежелі білім алу жүзеге асырылып жатыр. Жыл асқан сайын орта мектепті бітірушілердің саны арта түсуде. Бұған өткен оқу жылы кәмелеттік аттестат алушылар санының бір жарым есеге жуық артуы айқын мысал бола алады.

Бүкіл еліміздегі сияқты біздің облысымызда да халық ағарту ісі барған сайын жақсара түсуде. Тек биылғы жылдың өзінде ғана облысымызда 12 жаңа мектеп ашылды, бірқатар бастауыш мектептер жетіжылдық мектепке, жетіжылдық мектептер орта мектептерге айналдырылды. Арнаулы жоғары және орта дәрежелі білімдері бар 420 жас педагог өздерінің алғашқы сабақтарын біздің облыстың мектептерінде бастады. Бұл күндері облысымызда жұмыс істейтін 553 мектепте жүз мыңнан астам оқушылар оқып, тәрбиеленуде.

Облыс мектептерінің көпшілігі жаңа оқу жылын зор даярлықпен бастаған болатын. Мұның өзі жаңа оқу жылының алғашқы тоқсанынан бастап бұл мектептерде оқу үлгерімі мен тәрбие жұмыстарын жоғары сапалы жүргізуге мүмкіндік берді. Бұлардың қатарында Октябрь ауданындағы Ленин атындағы, қаладағы Ленин атындағы, № 1 орта мектептерді, Булаев ауданындағы Булаев орта мектептерінің атын атауға болады. Бұл мектептер оқу жылының алғашқы тоқсанының қорытындысында жас ұрпақтарды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарында зор табыстарға ие болды. Оқу үлгерімі бойынша жоғары көрсеткішке ие болған олар оқушыларды тәрбиелеу жұмыстарын да үлгілі жүргізді. Оқушыларды еңбекте тәрбиелеу арқылы олар жас ұрпақтардың сабақ үстінде алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана білуде едәуір табыстарға ие болды.

Бірақ бұл жетістіктер облыстың бірқатар мектептерінде оқу- тәрбие жұмыстарында орын алып отырған зор кемшіліктерді жоққа шығара алмайды. Жаңа оқу жылының алғашқы тоқсанының қорытындысы бірқатар мектептердің оқытушылар коллективтері әлі де болса оқу- тәрбие жұмыстарын жаңа талаптардың дәрежесіне сай жүргізе алмай отырғандығын көрсетеді. Бұған мысал ретінде Мамлют орта мектебіндегі жағдайды алуға болады. Бұл мектеп облыстағы ірі мектептердің бірінен саналады. Сол сияқты, мектеп педагог кадрлармен де толықтырылған. Бірақ мектеп директоры Семенов жолдастың жауапты іске немқұрайды қарауы салдарынан жас ұрпақтарды оқыту және тәрбиелеу жұмыстарында көптеген кемшіліктерге жол берілді. Ең алдымен оқытушылар коллективі оқушылардың сабақ үлгерімін арттыруға жетіспеді. Соның салдарынан бірінші тоқсанда 350-ге жуық оқушы сабақ үлгере алмады. Мұның ең басты себебі оқытушылар коллективінің жас ұрпақтарды оқыту сияқты маңызды істегі өздерінің зор жауапкершілігін жете түсінбегендігінен деуіміз керек. Шының

...бұл тәжрибелерін пайдалану қажет. Сөйтіп сайлаушылардың коммунистер мен партияда жоқтар блогының ұсынған кандидаттарының өмір баяндары мен қоғамдық қызметтерін жақсы білулеріне жетісу керек.

Кандидаттарды жақтаған үгіттің түрлері көптеп саналады. Үгітшілер онүйліктерде, сайлаушылардың жұмыс орындарында халық судьялығы мен халық заседательдігіне ұсынылған кандидаттар жөнінде арнаулы әңгімелер өткізуге тиіс. Мұнда үгітшілер кандидаттардың өмір баяндары мен қоғамдық қызметтерін толық баяндап, олардың халық сенімін абройымен ақтайтынына сайлаушыларды сендіре білулері керек. Бұл үшін партия ұйымдары ең алдымен үгітшілердің кеңестерін өткізіп, оларға кандидаттардың өмірбаяндары мен қоғамдардың жұмыстары жөнінде толық түсінік берулері қажет. Үгіт пункттерінде халық судьялығы мен халық заседательдігіне кандидаттардың қоғамдық қызметтерін баяндайтын көрнекі үгіт ұйымдастырылуға тиіс.

Сайлау алдындағы саяси үгітті, әсресе кандидаттарды жақтаған үгітті алыстағы егіс бригадалары мен мал фермаларында, онүйліктерде үнемі әрі мазмұнды ұйымдастыру мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Өйткені бірқатар жерлерде алыстағы мал фермалары мен егіс бригадаларындағы сайлаушылар сайлау алдындағы саяси үгіттен тыс қалып келеді. Мәселен, Приешім ауданы, Каганович атындағы ауылшаруашылық артелінің мал фермаларында жұмыс істейтін сайлаушылар арасында сайлау алдындағы саяси үгіт жөнінде ешқандай жұмыс жүргізілмей отыр. Партия ұйымының секретары Казеивичев жолдас бұл жөнінде үгітшілерге нұсқау беру жұмысын ұмыт қалдырған.

Таяудағы 2-3 күнде барлық жерлерге халық соттарының құрамына ұсынылған кандидаттардың өз сайлаушыларымен кездесу жыйналыстары басталады. Бұл жыйналыстар кандидатты жақтаған үгіттің ең маңызды түрі болып табылады. Партия ұйымдары кандидаттармен кездесуге арналған жыйналыстарға сайлаушылардың көптеп қатысуына, халық соттарының жұмысын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар жасауына жетісулері қажет. Сонымен қатар кандидаттардың сайлаушылармен топтық және жеке әңгімелер өткізуді ұйымдастырған жөн.

Сонымен қатар бұл күндері халық судьяларының сайлаушылар алдында өздерінің жұмыстары жөнінде есеп беруін ұйымдастыру керек. Халық судьяларының есебінде социалистік меншікті, азаматтардың праволарын қорғау жөніндегі жүзеге асырған шаралары, сайлаушылардың аманаттарының орындалуы жан- жақты баяндалуға тиіс. Осы сыяқты халық соттарының жұмысы жөнінде сайлаушылардың айтқан сын ескертпелері мен ұсыныстары есепке алынып, оларды жүзеге асыру мақсатына бағытталған шаралар белгіленуі қажет.

Кандидаттарды жақтаған үгітпен бірге сайлау науқанының алдындағы бұқаралық- саяси жұмыстың басқа да түрлерін кеңінен өрістетуді естен шығаруға болмайды. Советтік соттың демократиялық принциптері, оның міндеттері жөнінде, халық соттарының сайлауы туралы Ережеге және басқа тақырыптарда әңгімелер мен баяндамаларды, лекцияларды жиі ұйымдастыру қажет. Бұл жұмысқа партия ұйымдары үгітшілермен бірге заң қызметкерлерін қатыстыруға тиіс.

Сайлау алдындағы саяси үгітті ұйымдастыруда мәдени-ағарту мекемелері зор роль атқарады. Олар: клубтар мен оқу үйлері сайлау науқанына арналған әдебиет көрмелерін, әңгімелер мен баяндамалар, лекциялар ұйымдастыруға міндетті. Сонымен бірге сайлаушыларға көркемөнерпаздардың концерттерін, кинофильмдерді жиі көрсету қажет.

Халық соттарының сайлауы алдындағы саяси үгіт әрбір өнеркәсіп орнының, колхоз, совхоздың, МТС-тің алдында шаруашылық міндеттермен байланыстыра жүргізуі қажет. Міндет —жұмысшылар мен колхозшы шаруалардың сайлау күнін өндірістік жаңа табыстармен қарсы алуын қамтамасыз ету болып табылады.

1954 жылғы 12 декабрь— халық соттарының сайлауы күні. Сайлауға барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, коммунистер мен партияда жоқтардың мызғымас берік блогінің жаңа бір жеңісін салтанат етейік!

---

...қозғалғыш бөлшектер, жылыту паркі, жалғастыру муфтасы, бұру рычагтары мен арматуралары жоқ.

Тракторларды, комбайндарды және ауылшаруашылық машиналарын жөндеу- шаруашылық машиналарын жөндеудің озат технологиясын, тораптық әдісті енгізу жөнінде шаралар белгілемеді

Петропавл аудандық партия комитеті ауданның машина-трактор станцияларының атап көрсетіп, одан жоғарыда аталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар белгілеуді, тракторларды, комбайндарды және басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді белгіленген мерзімде аяқтауға жетісуді талап етті.

---

# АГРО-ЗООТЕХНИКАЛЫҚ КУРСТАРДА

## Маман кадрлар даярлаудағы жауапсыздық

Совет астық совхозы облысымыздағы жыл санап өсіп келе жатқан ең ірі совхоздардың бірінен саналады. Бұл совхозда жылма-жыл салынатын егіс көлемі тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен барынша ұлғайтылуда. Совхоз 1955 жылы үстіміздегі жылмен салыстырғанда егістік жер көлемін 7 мың гектарға жуық ұлғайтпақ.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты совхоз соңғы жылдары отандық техниканың жаңа түрлерін көптеп алуда. Мұнда жас механизаторлар саны да көбейіп келеді. Сөйтіп алдағы жылдары совхоз шаруашылығын жан-жақты дамытуға толық негіз жасалып отыр.

Қолда бар осы техникаларды тиімді пайдалану, егіншіліктен мол өнім алуға жетісу үшін егінші кадрлардың жеткілікті болуымен қатар олардың өз ісіне маман болуы қажет. Сондай-ақ мал шаруашылығын өркендету күресі де мал өсірушілердің зоотехника ғылымымен таныс болуы, озаттардың іс тәжрибелерін жақсы білуі керек.

Бірақ Совет астық совхозының басшылары жұмысшылардың агро-зоотехникалық курстарына немкетті қарап, олардың жұмысында елеулі кемшіліктер болуына жол беріп келеді. Өткен жылы агро-зоотехникалық курстардың жұмысы нашар болды. Тіпті тыңдаушылармен сабақ өткізетін тұрақты үй де болмады. Ақырында курстардың тыңдаушылары түгел таратылып, оқу жұмысы аяқсыз қалды. Бұған ең алдымен совхоздың мамандары кінәлі. Өйткені олар үшжылдық курстардың жұмысын жақсы ұйымдастырып, сабақтың жүйелі өткізілуіне бақылау жасамады.

Міне өткен жылғы үшжылдық агро-зоотехникалық курстар жүйесіндегі оқуда болған мұндай кемшіліктерді совхоз басшылары үстіміздегі жылы еске алып, жаңа оқу жылын толық дайындықпен бастауы керек еді. Бірақ іс жүзінде бұлай болмай отыр.

Облыстағы совхоздар бойынша агро-зоотехникалық курстардағы оқу басталғанына екі айдай уақыт өтсе де, Совет астық совхозындағы № 1 бөлімшеде бір-ақ рет сабақ өткізілген. Ал қалған үш бөлімшеде және совхоз орталығында бұл оқу әлі басталған да жоқ.

Совхозда 250-ге жуық комбайншылар мен тракторшылар бар. Бұлардың барлығы да агрономиялық курстарда оқуға ынталы. Амал қанша, совхоздың басшы мамандары—аға агроном Когон, аға зоотехник Фифилова, аға мал дәрігері Билинкий жолдастардың ауыл шаруашылығы шеберлерін даярлау ісіне жауапсыз қарауы салдарынан бүкіл совхоз бойынша үйірмеге небары 60-ақ адам қамтылған. Бұлар негізінен агротехникалық үйірмелер. Үйірмелердің ұйымдастырылғанына екі ай болса да әлі күнге бір рет те сабақ өткізген жоқ. Сабақ өткізуші оқытушы-мамандар Попов, Томашевский, Дмитриева жолдастардың курстарда сабақ өткізу ісін аяқсыз қалдыруы да совхоз дирекциясының бұл істі жақсартуды талап етпеуінен.

Ал, совхозда зоотехникалық үйірмелер мүлдем ұйымдастырылмаған. Бұған аға зоотехник Фифилова жолдас тікелей кінәлі. Өйткені совхозда зоотехникалық курстарда оқыйтын адамдар жеткілікті.

Совхоз директоры Чоусов, партия ұйымының секретары Кравченко жолдастар жұмысшылар оқуының әлі күнге дейін ұйымдастырылмай келе жатқандығын біле тұра жұмған ауыздарын ашпай келеді.

Өйткені совхоз директоры Чоусов, партия ұйымының секретары Кравченко жолдастар совхоз кадрларын тәрбиелеу, олардың агро-зоотехникалық білімін, мамандығын арттыруға мән бермейді, совхоз адамдарының агро-зоотехникалық білімін, мамандығын арттыру мәселелері олардың тынышын кетірмейді, оларды толқытпайды. Совхоз фермаларында зоотехникалық курстардың атымен ұйымдастырылмауын курсты басқаратын мамандардың, оқулықтардың жоқтығымен немесе оқыйтын үйлердің қолайсыздығымен емес, совхоз басшыларының бұл істі ұйымдастыруға, оның жұмысына үнемі бақылау жасап, көмектесіп отыруға жеткілікті назар аудармай отырғандығымен, зоотехникалық, сол сыяқты, агротехникалық курстардың жемісті жұмыс істеуінің қамын ертерек ойластырмай, бетімен жібергендігімен ғана түсіндіруге болады.

Басқаша түсіндіруге болмайды және ол дұрыс та болмайды. Себебі агротехникалық, сондай-ақ зоотехникалық курстарға сабақ беретін мамандар совхозда жеткілікті, оқулықтар бар, қолайлы, жылы жарық үй де табылады. Мәселе курстарды ұйымдастыруда, сонан кейін олардың жемісті істеуін қамтамасыз ету үшін курстың қамын іскерлікпен ойластыруда болып отыр.

**Б. ЖАҚЫПОВ.**
**(Өз тілшіміз).**

## Агро-зоотехникалық оқу басталған да жоқ

Ауыл шаруашылығының жаңа талаптарға сай үздіксіз дамуын қамтамасыз ету үшін бұл саладағы еңбекшілердің білімін, мамандығын арттыру—аса маңызды міндет. Сондықтан елімізде 1950 жылдан бері ауыл шаруашылығы саласындағы еңбекшілерді үшжылдық агро-зоотехникалық курстарда оқыту жүйесі іске асырылуда. Оқу жақсы ұйымдастырылып, практикамен ұштастырыла жүргізілген жерлерде тамаша нәтижелер беруде.

Алайда «Еңбек» колхозында (Ленин ауданы) агро- зоотехникалық курстар оқуына әлі де жете назар аударылмай келеді. Мұнда өткен жылы оқуды ұйымдастыру жұмысының нашар болуы себепті колхозшылар курс сабағын түгел өтпеді. Ал быйыл бұл оқу әлі басталған да жоқ.

Колхозда үшжылдық курстарда оқу арқылы ауыл шаруашылығының шебері болуға ынталы колхозшы- жастар көп. Атап айтқанда, Қалиев, Нұрғалиев, Хамзин сыяқты орта және орталау білімдері бар комсомолецтер агро- зоотехникалық курстар оқуының басталуын көптен күтуде. Амал қанша, колхоз председателі Қ. Үмітбаев жолдастың бұл іске немкетті қарауы салдарынан курс сабағы әлі басталмай отыр. Колхозда сабақты өткізуге үй де бөлінбеген. Курс тақырыптарына байланысты оқу, көрнекі құралдар алынбаған, жазу, сызу құралдары әзірленбеген.

«Еңбек» ауылшаруашылық артелінің басшыларында колхозшылардың агро-зоотехникалық білім арттыру ісіне мән бермеушілік күшті. Олар тракторлар мен тракторшылар болса, бітік егін өсіруге болады. Жылы қора мен мал азығы жеткілікті болса, мал шаруашылығын өркендетуге болады деп ойлайды. Колхоздың егін және мал шаруашылығын ғылми жолмен дамыту мәселелерін шешуге құштарлық, белсенділік, соның қамын ойлаушылық көрсетпейді.

Образцовая МТС-нің директоры Корнев, колхоз председателі Үмітбаев жолдастар колхозшыларды социалистік ауыл шаруашылығының озат тәжрибелерімен күнбе-күн таныстырып, олардың мамандық шеберлігін арттыра түсетін агро- зоотехникалық курс оқуының ұқыпты жүргізілуін қамтамасыз ететін шараларды дереу жүзеге асырулары керек. Бұл — кезек күттірмейтін маңызды міндет.

**Ғ. ТЕМІРБОЛАТОВ.**

---

...айту керек, бұл мектепте жұмыс істейтін мұғалімдердің көпшілігі сабақты бір сарынмен ұйымдастырып, оқылатын пәннің өзіндік ерекшеліктерін ескермейді. Әрбір оқушымен жеке жұмыс жүргізуге жете көңіл аудармайды. Сол сыяқты, сабақтардың тақырыптарын қазіргі заманның нақтылы мәселелеріне байланыстырмайды. Міне, мұның барлығы оқушылардың сабақты нашар үлгеруіне әкеліп соқты.

Қаладағы мектептерде он мыңнан астам жас ұрпақтар тәрбиеленуде. Ал оқушыларды жан- жақты тәрбиелеуге қала мектептерінің мүмкіншілігі ауыл- село мектептерінен гөрі әлде қайда зор. Осыған қарамастан, бірінші тоқсанның қорытындысында қаланың көптеген мектептерінде оқу- тәрбие жұмыстары төмен дәрежеде болды. Бұған үш мыңға жуық оқушының сабақ үлгермеушілер қатарына қосылуы айқын мысал бола алады. Мұның өзі қалалық оқу бөлімі мен мектеп басшыларының оқу- тәрбие жұмыстарының сапасын жақсарту ісіне әлі де жеткілікті күш жұмсамай отырғандығын көрсетеді.

Мектептегі оқу- тәрбие жұмысының сапасы ең алдымен мұғалімге байланысты. Өйткені мұғалім —мектептегі негізгі тұлға. Оқушыларға ғылым негіздерінен терең және баянды білім беріп жүрген үлгілі педагогтар облыс мектептерінде аз емес. Олардың іс тәжрибелері жас ұрпақтарға терең және баянды білім беруде, оларды саналылыққа тәрбиелеуде мұғалімдердің атқаратын ролі орасан зор екендігін көрсетеді. Ал өз ісіне жауапсыз қарайтын мұғалімдер мемлекеттік маңызы зор жұмысқа нұқсан келтірушілер болып табылады. Шынын айту керек, мұндай мұғалімдер біздің арамызда жоқ емес. Олар өздерінің негізгі уақытын сабақтарды тыңғылықты әзірлеуге жұмсамай, жеке басының қамы үшін қажетті жұмыстармен әуре болады. Соның салдарынан оқу материалын оқушыларға сабақ уақытында жеткізіп үлгере алмай, оқудың негізгі салмағын үйге тапсырмалар беруге аударады. Мұның өзі ең алдымен оқудың сапасын төмендетеді, оқушылардың оқу мен демалысты ойдағыдай ұйымдастыруына мүмкіндік бермейді, ең бастысы жас ұрпақтардың денсаулығына зиянын тигізеді.

Быйылғы оқу жылы мектептер жаңа оқу жоспарлары бойынша жұмыс істей бастады. Бұл жаңа оқу жоспарында жас ұрпақтарды практикалық жұмыстарға, еңбекке тәрбиелеуге, мектептерде политехникалық оқуды жан- жақты жүргізуге баса назар аударылған. Шындығында, оқушылардың терең және баянды білім алуын қамтамасыз ету үшін кластарда өтілетін теориялық сабақтарды лабораториялық жұмыстармен, практикамен ұштастыра жүргізудің шешуші маңызы бар. Оқытушылар коллективі жас ұрпақтарға білім беруде бұл жағдайды естен шығармаулары керек.

Жас ұрпақтарды оқыту, тәрбиелеу дегеніміз — олардың коммунистік моралін қалыптастыру деген сөз. Оқушыларды советтік патриотизм мен пролетарлық интернационализм рухында тәрбиелеу, адалдыққа және шыншылдыққа тәрбиелеу, ұлы Отанға, туысқан Коммунистік партияға шексіз берілгендік рухында тәрбиелеу —совет мектебінің аса қасиетті борышы. Мектептің комсомол және пионер ұйымдары, ата- аналар оқушыларды саналы тәртіпке, еңбек сүйгіштікке, коммунистік моральдің барлық жоғары ізгі қасиеттерін үйрену рухында тәрбиелеуге көмектесуге тиісті. Ал партия ұйымдарының мектеп жұмысына басшылық жасауы бұл аса маңызды міндетті жүзеге асыруда басты роль атқарады.

Жастар білімді және мәдениетті, дені сау, рухы күшті, сергек және төзімді болып тәрбиеленуге тиіс. Бұл—балаларды тәрбиелеуде, әсресе, физкультура және спорт сабақтарына баса назар аудару керек деген сөз. Совет жастарының қыйыншылықтардың қандайын болса да жеңетін болуы үшін оларды жан- жақты тәрбиелеудің зор маңызы бар.

Мектептерде оқу- тәрбие жұмыстарының сапасын арттыруда оларға нақтылы басшылық жасаудың және мұғалімдерге методикалық көмек көрсетіп отырудың зор маңызы бар. Сондықтан халық ағарту органдары мектептерге нақты және жанды басшылық жасауға, мұғалімдер үшін методикалық көмекті мазмұнды және жүйелі ұйымдастырып отыруға тиіс.

Совет мектебі —коммунизмнің болашақ құрылысшыларын тәрбиелейтін қасиетті орын. Сондықтан да мектептерде оқу- тәрбие жұмысының сапасын барған сайын жақсарта беру маңызды міндет болып табылады.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

# Кадрларды дұрыс іріктеп алу және орналастыру—маңызды мәселе

## Преснов аудандық XV партия конференциясы

Жақында Преснов аудандық XV партия конференциясы болды. Ол аудандық партия комитетінің жұмысы туралы ҚКП аудандық комитеттің секретары Долженко жолдастың баяндамасын талқылады.

Баяндамашы және жарыссөзде сөз сөйлеген делегаттар есеп беріп отырған мерзім ішінде аудан партия ұйымы еңбекшілерді ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күреске жұмылдыруда бірқатар табыстарға ие болғанын атап көрсетті. Совет мемлекетінің социалистік ауыл шаруашылығын қуатты техникамен қаруландыру және колхоздар мен совхоздардың өндірістік жұмыстарына көрсеткен зор көмегінің нәтижесінде ауданда биыл егіс көлемі 20 мың гектардан астам ұлғайды. Тың көтеру жоспары толық орындалды. Келесі жылдың көктемгі егісі үшін егістік жер түгел дайындалды. Озат колхоздар мен совхоздарда қоғамдық малдың саны көбейіп, оның өнімділігі артты.

Сонымен бірге конференцияға қатысушылар аудандық партия комитетінің есебін талқылағанда колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың, жергілікті өнеркәсіп орындарының, денсаулық сақтау, халық ағарту орындарының және жергілікті Советтердің жұмысында әлі де орын алып отырған елеулі кемшіліктерге көп назар аударды.

Жарыссөзде сөйлеушілер ауыл шаруашылығына қанағаттанғысыз басшылық жасағаны үшін аудандық комитеттің бюросын орынды сынады. Бірқатар партия ұйымдары СОКП Орталық Комитетінің сентябрь, февраль- март және июнь Пленумдарының қаулыларын орындау жөніндегі шараларды жүзеге асырудан тыс қалып келеді. Көп жерлерде партиялық-ұйымдастыру және партиялық- саяси жұмыстың дәрежесі ауыл шаруашылығының алдында тұрған өскелең міндеттерден кейін қалды, шаруашылық міндеттермен ұштастырылмай, жалаң жүргізілді.

Үстіміздегі жылы аудан егістен жоспарлы өнім жыйнай алмады және мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындамады.

Конференция делегаттары өздерінің сөздерінде мал шаруашылығын өркендету мәселесіне баса көңіл бөлді. Аудан жыл сайын жылқы мен шошқадан басқа түліктерді өсіру, әсересе сауын сыйырларды көбейту жөніндегі жоспарды орындай алмай келеді. Сонымен қатар мал шаруашылығының өнімділігі де төмен. Мал шаруашылығының артта қалуының басты бір себебі жемшөп қорының берік базасы жасалмауынан болып отыр. Осының салдарынан қоғамдық малдың орынсыз көп шығын болуына жол берілді. Бірқатар колхоздар мал қыстату маусымына әзірлікті қамтамасыз ете алмады. Олардың бірқатарында мал азығы небары 3-4

Бабақов және Алексеев жолдастар да аудандық партия комитетінің жұмыс стиліндегі кемшіліктерді сынға алды.

—Біз аудандық партия комитетінің Преснов МТС аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының қызметкерлерінен селодағы партиялық -саяси жұмысты ұйымдастыру жөнінде қажетті нұсқау ала алмай келдік, —деді Алексеев жолдас. —Аудандық партия комитетінің станция аймағы жөніндегі секретары Бабкин мен нұсқаушы Батырева жолдастар колхозда болғанда бастауыш партия ұйымының жұмысына жанды көмек көрсетпейді. Олар тек колхоз председателінің жанында болып бригадалар мен фермаларда сирек болады. Міне, сондықтан да қатардағы колхозшылар олардың бірде- бірін осы күнге дейін білмейді. Колхозда партиялық- ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыс бетімен жіберілген.

Майбалық МТС-і партия ұйымының секретары Сембаев жолдас конференция делегаттарына МТС қызметкерлерінің келесі жылғы көктемгі егіске әзірлік жұмыстары жөнінде хабарлады. Мұнан кейін ол аудандық партия комитетінің Майбалық МТС-і аймағы жөніндегі нұсқаушылар тобының жұмысына тоқталды.

—Біздің МТС бірнеше жыл бойы, —деді ол, —мемлекеттік өндірістік тапсырмаларды орындай алмай, артта қалып келеді. Жыл сайын аудандық партия конференциясында станцияның артта қалуы жөнінде сөз болады, бұл жөнінде арнаулы қаулылар да қабылданады. Бірақ, не пайда, аудандық партия комитеті станцияның артта қалушылығын жою жөніндегі нақтылы шараларды жүзеге асырмады. Осының салдарынан қабылданған қарарлар қағаз жүзінде қалып қойды. Соңғы бір жылдың ішінде бізде МТС директоры үш рет ауысты. Осы сыяқты, МТС-тің көптеген басты мамандары жиі ауыстырылып келді.

—Кадрларды орналастыруда мұндай төзгісіз кемшіліктер бізде де бар, — деді Николаев МТС-нің директоры Әуелбеков жолдас.—Бізде жөндеу мастерскойының меңгерушісінен бастап трактор бригадаларының бригадирлеріне дейін жиі ауыстырылып келді. Мұның негізгі бір себебі механизаторлар арасындағы саяси -тәрбие жұмысының дәрежесі төмен болуында. Біз кадрлардың саяси және іскерлік сапасын терең зерттемей, кез келген адамдарды өндірістің шешуші участогіне қойып, үлкен қателік жасадық.

Кадрларды іріктеп алудағы қателіктер жөнінде басқа да бірқатар делегаттар сөз сөйледі.

—Біздің ауданның басшылары Молотов атындағы колхоздың бұрынғы председателі Белогуб жолдасты көп жылдар бойы мақтап келді, —деді колхоз партия

жеткіліксіз жүргізгені үшін МТС басшыларын әділ сынады. Мәселен, «Организованный труд» колхозы партия ұйымының секретары Денисенко жолдас мүмкіндіктердің жеткілікті болуына қарамастан, Майбалық МТС-і колхозда бақша- огород дақылдарын суаруды механикаландырмағанын айтты. Мұнда мал шаруашылығы автоматты суарғыштармен және жемшөп буландыратын машиналармен қамтамасыз етілмей отыр.

Баян МТС-і партия ұйымының секретары Карпов жолдас және басқа делегаттар өздерінің сөздерінде трактор паркін жөндеу жұмысының қарқыны өте баяу болып отырғанына тоқталды. Аудан МТС-тері осы күнге дейін қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілмей отыр.

Украин совхозының директоры Григорьянц жолдас конференция делегаттарына өзі басқарып отырған жаңа шаруашылықтың жұмысы туралы хабарлады. Ол былай деді:

—Алты айдан аз-ақ артық уақыт ішінде біздің совхоздың коллективі — ставропольдық механизаторлар, ленинградтық жұмысшы әйелдер, Кубаньның тракторшылары және Донбастың құрылысшылары 22 мың гектар тың көтерді. Оның 830 гектарынан алғашқы өнім жыйналды. Жаңа жерге қоныстанушылар қысты жылы пәтер үйлермен және жатақханалармен қарсы алды. Ұлы Октябрь революциясының мерекесін біз электр жарығы бар жаңа клубта өткіздік.

—Осыған қарағанда, —деді онан әрі шешен, —жұмысты жақсы ұйымдастырған сыяқты көрінеміз. Бірақ қол жеткен табыстарға масаттануға болмайды. Егер аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқару комитеті, облыстық ұйымдардың басшылары жаңа совхоздың жұмысына үнемі басшылық жасап, қажетті көмек көрсетіп отырған болса, біздің табыстарымыз анағұрлым мол болар еді. Біз көктемде және жазды күні жанар майларын тасуда көп қыйыншылықтарға кездестік. Қазір құрылыс материалдарын тасуда да осындай жағдай бар. Совхозда жүк автомашиналары, тіркеу саймандары мүлдем жеткіліксіз. Облыстық партия комитеті мен облыстық Совет атқару комитетінің совхозға қажетті мөлшерде тіркеу саймандарын бөлу жөніндегі нұсқауын облыстың бірде- бір шаруашылық ұйымдары орындамады.

Атап айта кету қажет, аудандық партия комитетінің есепті баяндамасы бойынша сөйлеген делегаттар партиялық ішкі жұмыс, партия оқуы, мәдени- бұқаралық жұмыс мәселелеріне жете назар аудармады. Мұның өзі түсінікті де. Өйткені аудандық партия комитетінің есепті баяндамасында жоғарыда аталған мәселелер толық талданбады.

*Бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы жарыс*



СУРЕТТЕ: паровоз депосының автомат- жөндеу цехының бригадирі **А. Гильмутдинов** жолдас москвалықтардың үндеуін талқылаған жыйналыста сөз сөйлеп, бесжылдықты мерзімінен бұрын орындауға көтеріңкі міндеттеме алып тұр.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

## Москвалықтардың бастамасымен

Петропавл паровоз депосының автомат цехының барлық жұмысшы- қызметкерлері мен инженер- техниктері Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындарының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап шығу жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырған патриоттық бастамасын қызу еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Астанамыздың өндіріс озаттарының көтерген игілікті бастамасы, автомат жөндеушілерді жаңа табыстарға жете беруге жігерлендіре түсті.

Жақында цех мүшелерінің өндірістік жыйналысы болды. Мұнда автомат- жөндеушілер москвалықтардың үндеуін талқылап, олардың патриоттық бастамасына нақтылы іспен жауап беру үшін өздерінің ішкі резервтері мен мүмкіншіліктерін есептеді. Еңбек өнімділігін еселеп арттырудың және өнім сапасын жақсарта берудің негізгі түйіндерін қарастырды.

Мінбеге цех бригадирі Гильмутдинов жолдас шықты.

—Астанамыздың өндіріс озаттарының ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындауға шақырған үндеуін зор қуанышпен қарсы алып, еліміздің халық шаруашылығы мен экономикасының нығая беруіне келелі үлес қосатын темір жол транспортымыздың жұмысын жақсарта беру бүгінгі таңдағы біздің басты міндетіміз болып отыр. Сондықтан халық шаруашылығына қажетті жүктерді тасымалдайтын әрбір локомотивтерді жөндегенде оның сапасы жоғары болуын қамтамасыз ету, естен шығармайтын іс. Бұдан былайғы күндерде де біздің бригада мүшелері еселеген қарқынмен еңбек ететін болады,— деді.

Сөз алып сөйлеген слесарь Даронин, токарь Некрасов және басқа да жолдастар цехтың барлық коллективін, өндіріс озаттарының қатарына теңеліп, бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау жолында социалистік жарысты өрістету және совет еңбекшілерінің тұрмыс дәрежесін жақсарта беру жөнінде партиямыз бен үкметіміз алға қойған талаптарды бұлжытпай орындауға шақырды.

Цех коллективі пайдаланылмай келген резервтер мен мүмкіншіліктерін есептеп, советтік жаңа техника мен технологияны өндіріске кеңінен пайдаланып, көмекші процестерді механикаландыру әдісін қажырлылықпен енгізу, өндірісті және жұмысшылардың еңбегін жақсы ұйымдастыру жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да өрістете отырып, бесінші бесжылдық жоспарды Ұлы Октябрь революциясының 38 жылдық мерекесі күніне дейін орындап шығуды ұйғарды. Онымен бірге, бұл мерзімде еңбек өнімділігін 2 процентке дейін арттыруды, жұмсалатын материалдарды 10 процент үнемдеуді міндеттенді.

Бұл күндері цехтың барлық жұмысшылары, инженер- техник қызметкерлері алынған міндеттемені абройымен орындап шығу үшін социалистік жарыс туын бе-

### Көп балалы аналар ордендермен, медальдармен наградталды

Жуырда Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы көп бала тапқаны және тәрбиелеп өсіргені үшін көп балалы аналардың үлкен бір тобын ССР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградтады. Оның ішінде біздің облысымыздан 210 ана бар.

I-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен 9 бала тапқан және тәрбиелеп өсірген, Петропавл қаласында тұрушы үй шаруасындағы әйел Клавдия Дмитриевна Андреева, Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың мүшесі Екатерина Митрофановна Ковалева сыяқты барлығы 6 ана наградталды.

II-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен наградталғандардың ішінде Преснов ауданындағы Калинин атындағы колхоздың мүшесі Маржапия Жакенова, Петропавл қаласында тұрушы үй шаруасындағы әйелдер Сара Темірболатова, София Құсайынова, Екатерина Илларионовна Кузнецова және басқалары бар.

Жеті бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 33 ана III-дәрежелі «Ана даңқы» орденімен, алты бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 51 ана I-дәрежелі «Ана медалі» медалімен, бес бала тапқан және тәрбиелеп өсірген 103 ана II-дәрежелі «Ана медалі» медалімен наградталды.

### Колхоз кірісі молаюда

Конюхов ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» ауылшаруашылық артелі биыл егіннен едәуір мол өнім алды. Соның нәтижесінде колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын дер кезінде орындап, жаңа сатып алу бағалары бойынша мемлекетке 7 мың центнер астық сатты. Астық тапсырудан және сатудан колхоз бірнеше мың сом кіріс тапты. Бұл қаржыға «ЗИС—150» автомашина және оған тіркейтін машина, құрылыс материалдарын сатып алды.

Колхоздың ақшалай кірісінің молаюы колхозшылардың еңбеккүніне ақшалай ақының едәуір көп төленуіне мүмкіндік берді. Мәселен, колхоз шопаны Шабалдин жолдас еңбеккүніне 7 мың сом, жылқышы Степановтың семьясы 5700 сом ақшадай ақы алды.

Ә. СӘЛМЕНОВ.

### Ұйымшылдықпен жазылуда

«Аралағаш» ауылшаруашылық артелінде (Совет ауданы) жаңа —1954 жылға баспасөзге жазылу ісі ұйымшылдықпен жүргізілуде. Мұнда қазірдің өзінде 37 дана «Ленин туы», 29 дана «Социалистік Қазақстан», 47 дана аудандық газеттер таратылды. Газет алдырушылардың барлығы дерлік газетке ұзақ мерзімге жазылды.

Колхоздың қарт шопаны Қ. Исин, тракторшы И. Кром жолдастар сыяқты көптеген колхозшылар мен ауыл интелли-

айға ғана жетеді. Солай бола тұрса да, осы күнге дейін шабылған 3 мың гектар жердің шөбі жыйналмай, атжалда жатыр және 40 мың гектар егістік жердің сабаны жыйналмай, қар астында қалды. Жемшөпті өңдеу, оны мал базаларына тасу жұмыстары қанағаттанғысыз ұйымдастырылған.

«Красный партизан» колхозы партия ұйымының секретары Балахонцев жолдас өзінің сөзінде аудандық партия комитетінің Баян МТС аймағы жөніндегі секретары Прядко жолдас бастаған нұсқаушылар тобы бастауыш партия ұйымдарының жұмысымен шұғылданбайтынын, олардың колхоз өндірісіндегі ролін арттыру мәселесіне немкетті қарайтынын, озат шаруашылықтардың тәжрибелерін насихаттамайтынын айтты.

Приешім совхозы, «Победа» колхозы партия ұйымдарынан келген делегаттар ұйымының секретары Бельчиков жолдас. —Ал қазір оның орынсыз дәріптелгені анықталды. Белогуб жолдас өзі оқуға кететін болған соң мал қыстату маусымына әзірлік жұмысына немкетті қарады. Табыстың мол болуына қарамастан ауылшаруашылық артелі бірде- бір мал қорасын салмады. Колхозда астық қоймаларының құрылысын жүргізу жұмыстары да бетімен жіберілді. Мұнда үстіміздегі жылы малазығындық жүгері, жемістамырлары, картоп отырғызылмады. Колхозда мал азығы қыстың жартысына ғана жетеді. Сыйыр малы мен қой өсіру жөніндегі жылдық жоспар орындалмады. Колхоз шаруашылығын осынша олқылыққа ұшыратқан Белогуб сияқты басшыны қалай мақтауға болады?!

Конференцияға қатысушылар мал шаруашылығында еңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру жұмысын

Есепті баяндама бойынша жарыссөзде 30 адам сөз сөйледі. Олардың ішінде Украин совхозы трактор бригадасының бригадирі Шолом, Маленков атындағы колхоздың председателі Кухаренко, Аманкелді атындағы колхоз партия ұйымының секретары Әбдірахманов, Баян колхозының председателі Тұралин, жазушы Иван Шухов жолдастар бар. Конференцияның жұмысына облыстық партия комитетінің секретарі Малявин жолдас катысты.

* * *

Конференциядан кейін аудандық партия комитетінің бірінші пленумы болды. Аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына Долженко, екінші секретарлығына Болатбаев, МТС-тер және совхоздар жөніндегі секретарьлары болып Прядко, Байбатыров, Долганов, Шмурыгин жолдастар сайланды.

локомотивтің күшін сарқа пайдалану, жүк тиелген составтарды белгіленген уақытта тиісті станцияларға жеткізіп отыру, лорік ұстап келеді.

**Қ. СМАҒҰЛОВ.**

генттері бірнеше газет, журналдар алғызатын болды.

**О. ҒАБДОЛЛИН.**

## СОҢҒЫ САПАРДА

Петропавл паровоз депосының машинистері халық шаруашылығына қажетті жүктерді мерзімінде және көп тасымалдау жолындағы социалистік жарысты өрістетіп, ауыр жүк тиелген составтар санын көбейте түсуде.

Паровоз депосының озат машинисі Павлов жолдас ауыр жүк тиелген поездарды алып жүруде үлкен іскерлік, ұқыптылық және графикте көрсетілген өндірістік жоспарды бұлжытпай орындаудың тамаша үлгісін көрсетіп жүр. Ол бұрнағы күні Петропавл станциясынан Есілкөлге шыққан соңғы сапарында 1478 тонна халық шаруашылығына қажетті жүкті артық тиеп шығып, жолдағы станцияларға су алуға тоқтамастан белгіленген уақыттан едәуір бұрын станцияға жеткізді. Ал Есілкөл станциясынан қайта оралғанында да сонша жүкті артық тиеп әкелді.

Ауыр жүк тиелген составтарды алып жүруде еңбектің озат үлгісін көрсетіп жүрген комсомолец Алексей Трибунский жолдас № 1222 паровозымен бір сапарында 545 тонна жүкті артық тиеп, графикте белгіленген уақыттан едәуір бұрын Есілкөл станциясына апарды.

**Р. ХОДОСЕЕВИЧ,**
**паровоз депосының операторы.**

## Мектептер үшін жаңа мебельдер

Облыс мектептерінің оқу -материалдық базалары жыл сайын оқу құралдарымен, қажетті мебельдермен толықтырылып келеді. Сауда орындары үстіміздегі жылы оқулықтар мен көрнекі құралдарды өткен жылғыдан анағұрлым көп сатты. Жақында облыстық оқу бөлімі 700 мың сомның жаңа парталарын алды. Олардың көпшілігі жаңадан ұйымдастырылған мектептерге жіберіледі. Мектептер үшін жаңа мебельдер әлі де сатып алынбақ.

**К. ӘДІЛОВ.**

# Монгол Халық Республикасына отыз жыл

Быйылғы жылы монгол халқы өз тарихындағы даңқты күнді атап өтеді. Бұдан отыз жыл бұрын, 1924 жылы 26 ноябрьде, Ұлы халық Хуралы (халық өкілдерінің жыйналысы) Монгол Халық Республикасының құрылғанын жариялады. Сол кездің өзінде монгол халық мемлекетінің бірінші конституциясы бекітілген болатын. Конституция Монголиядағы жаңа қоғамдық құрылыстың, феодалдардың өкметін жойып, халықтың өкметін орнатуға және экономиканы еңбекшілердің мүдделеріне толық лайықты өркендетуге негізделген құрылыстың ірге тасын қалады.

Республикалық құрылыстың жариялануы мен Монгол Халық Республикасының бірінші конституциясының бекітілуі монгол халқының 1921 жылғы революциясының жеңуі және елде онан кейін жүзеге асырылған қайта өзгерістердің нәтижесінде қол жеткен аса зор тарихи жеңістері болды.

1921 жылғы халық революциясына дейін Монголия Шығыстағы ең артта қалған отар елдердің бірі болды. Феодалдық-крепостниктік және империалистік езушілік мұнда өте- мөте қатал болды. Мұнда крепостниктік жайлады, адамға дүре соғып жазалау системасы болды. Елде жеті жүз монастырь, жүз мыңнан аса ламалар және чиновниктер мен феодалдардың балалары оқыған елу адамдық небәрі бір мектеп болды. Малдың басым көпшілігі де феодалдардың, монастырьлердің және шетелдік өсімқорлардың қолында болды. Қарапайым көшпелі араттың үлесіне құлдық азапты еңбек қана қалатын. Халық аштық пен қайыршылыққа, ауру мен құрып бітуге душар болған еді.

1921 жылдың июлінде монгол халқы Сухэ-Батор мен Чойбалсан бастаған өзінің халық- революциялық партиясының басшылығымен отарлық құлдықтың бұғауын жұлып тастап, бостандығы мен тәуелсіздігін жеңіп алды. Елде тұңғыш халықтық үкмет құрылды.

Бірақ капиталистік қоғамға дейінгі катынастар үстемдік еткен сол кездегі Монголия сияқты артта қалған елде монархияны бірден жойып жіберу мүмкін болмады. Сондықтан Монгол халық- революциялық партиясының төңірегіне топталған революцияшыл күштер Монголияның сол кездегі діни және азаматтық өкмет орындарының басшысы Богдо-гегенде монархтық жағдайды сақтап, оның өкмет билігін діни шеңберде шек қойып қалдыруды, сөйтіп халықтық үкметке мемлекеттік істерді шешуде кең өкілдік беруді ұйғарды. Богдо-геген мен халықтық үкмет арасында жасалған «ант договоры» деп аталатында Богдо-геген «Мемлекеттік істерге араласпауға тиіс, ал барлық діни істер жөнінде шексіз праволармен пайдаланады», делінген.

Совет үкметі отарлық құлдықтан азат болған Монголияны бірінші болып танып, онымен дипломатиялық қатынастар орнатты. 1921 жылы ноябрьде Москвада достық туралы Совет- монгол договорына қол қойылды. Бұл Монголиямен жасалған бірінші тең праволы договор болды. Советтік Россия монгол халқының мәңгілік адал ниетті, қалтқысыз досы болды.

Марксстік- лениндік ілімді басшылыққа алып және совет халқының туысқандық көмегіне сүйене отырып, Монгол халық- революциялық партиясы ішкі және сыртқы жауларға қарсы кескілескен күрес үстінде шын мәніндегі демократиялық жаңа тұрпатты мемлекет орнату үшін барлық қажетті жағдайларды жасады. Елдегі тап күштерінің арасалмағы ұдайы еңбекшілердің пайдасына өзгеріп отырды. Феодализмге үсті- үстіне өлтіре соққы берілді.

1922-1923 жылдарда еңбекші араттардың феодалдарға крепостниктік тәуелділігі жойылды.

1924 жылы майда Богдо- геген қайтыс болды. Монгол халық революциялық партиясы бұрынғы шек қойылған монархияны жойып, халық республикасын жариялау жөнінде қарар қабылдады. 1926 жылы 26 ноябрьде ұлы халық Хуралы бұл туралы арнаулы қарар қабылдады. Мұнымен бірге, ұлы халық Хуралы үкметке «ССРО-мен достық және туысқандық қатынастарды бұрынғыдан да күшейтіп, бұл қатынастарды саяси-экономикалық жақындасу мен ынтымақтасудың нақтылы негізінде орнатуға барлық шараларды қолдануды» тапсырды.

Жас Монгол Халық Республикасы жаңа тұрмысты орната отырып, прогресс жолында сеніммен алға басты. Елде бірқатар маңызды әлеуметтік және экономикалық қайта өзгерістер жүзеге асырылды, мұның нәтижесінде феодалдар тобы мен арамтамақ ламалар тобы біржолата жойылды, ал феодалдардың меншігі халық меншігі деп жарияланды. Төменгі ламалардың басым көпшілігі қоғамдық- пайдалы еңбекке қатыстырылды. Барлық экономикалық шешуші орындар мемлекет қолына топтастырылды.

1940 жылғы июльде болған VIII Ұлы Халық Хуралы республикада 1924 жылдан кейін болған орасан зор әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді заң жүзінде баянды етіп, Монгол Халық Республикасының жаңа, қазіргі уақытта күшіндегі конституциясын қабылдады. Бұл конституцияның бірінші статьясында былай деп көрсетілді. «Монгол Халық Республикасы империалистік және феодалдық езушілікті жойған және кейіннен социализмге өту үшін елдің капиталистік емес жолмен дамуын қамтамасыз ететін еңбекшілердің (малшы- араттардың, жұмысшылар мен интеллигенцияның) тәуелсіз мемлекеті болып табылады». Конституция барлық азаматтарға кең демократиялық праволар қамтамасыз етіп, жер және оның кен байлықтары, ормандар, сулар және олардың байлықтары, өнеркәсіп орындары, транспорт, байланыс құралдары, банктер бүкілхалықтық дәулет болып табылады деп белгіледі. Малшыларға жайылымдықтарды тегін пайдалану правосы берілді. Республиканың экономикасын нығайтып, өркендету, мәдениеттің өсуі, қоғамның таптық құрылысындағы өзгерістер, еңбекшілердің саяси саналылығы мен белсенділігінің артуы саласындағы қол жеткен жаңа табыстарына байланысты, 1949 жылғы февральда МХР-дың IX ұлы халық Хуралы елдегі сайлау системасын онан әрі демократияландыру туралы қарар қабылдады. Атап айтқанда, мемлекеттік өкметтің барлық органдарын дауысты жасырын беру жолымен жалпыға бірдей тәте және тең сайлау белгіленді.

Демократиялық конституцияның туы астында, өзінің партиясы мен халықтық үкметінің басшылығымен монгол халқы Монгол Халық Республикасы өмір сүрген жылдар ішінде өз елінде түбірлі қайта өзгерістер жасады.

Жалпы халықтық ұлттық байлық болып табылатын малдың жалпы саны екі жарым есе көбейді. Республика бойынша халықтың жан басына 1924 жылы 25 малдан келсе, 1953 жылы 32 малдан келді (республика халқы отыз жылдың ішінде едәуір өсті). Монгол халық- революциялы партиясы мен үкмет мал шаруашылығын барған сайын өркендетуге ерекше көңіл бөледі. Мемлекет жемшөптің берік базасын жасауда, мал үшін жеткілікті мөлшерде қашандар (ашық қоралар) салуда және құдықтар қазуда, малдың тұқымын жақсартуда араттар шаруашылықтарына едәуір көмек көрсетуде. Елде көптеген ветеринарлық мекемелер құрылған: қазіргі уақытта 59 ветеринарлық-дәрігерлік, 712 ветеринарлық-фельдшерлік пункттер бар. Мал шаруашылығына шаруашылықты жүргізудің ғылми әдістері барған сайын кеңінен енгізілуде.

Елдің ауыл шаруашылығында социалистік сектор өркендеп, нығайып келеді. Мемлекеттік шаруашылықтардың, пішен шабу станциялары мен араттардың өндірістік бірлестіктерінің саны үнемі көбеюде. Араттардың өндірістік бірлестіктері республиканың ауыл шаруашылығындағы өндірістік кооперацияның ең қарапайым формасы болып табылады.

Монгол Халық Республикасының негізінен ауылшаруашылық шикізаттарын өңдейтін өнеркәсібі өркендеп, озат техникамен қарулануда. Республика өнеркәсібінің тұңғышы— Улан-Батордың Чойбалсан атындағы өнеркәсіп комбинаты МХР-дың жергілікті халқынан жұмысшы кадрлар даярлайтын шын мәніндегі орталыққа айналды; ол бірсыпыра фабрикаларды, оның ішінде жүн жуатын, шұға аяқкиім фабрикаларын, хром және былғары заводтарын және басқаларын біріктіреді. Бұл міндетті шешуде елдегі ең ірі кәсіпорындардың бірі —Сталин атындағы ет комбинаты да зор роль атқарады; ол да советтік озат техникамен жабдықталған.

Республиканың көмір ошағы—Налайка кендері де құрылып, ойдағыдай өркендеп келеді, бұл күндерде күн сайын шығарылатын көмір қазірдің өзінде мыңдаған тонна болады.

Бүкіл республиканы жүздеген жаңа май заводтары, майдагерлік кәсіпшілік кооперациясының жүздеген артельдері, аймақтық азық-түлік комбинаттары, көптеген автотранспорт базалары, паровоз деполары және басқа бірсыпыра кәсіпорындары алып жатыр. Соңғы жылдардың ішінде өнеркәсіптің жаңа салалары, оның ішінде кен- руда өнеркәсібі ойдағыдай өркендеп келеді.

МХР- да бір қатар жаңа қалалар, жұмысшы поселкелер, селолар салынды. Шахтерлердің Налайка деген үлкен поселкесінің халқы бірнеше мың адам болады. Сухэ- Батор, Чойбалсан, Саин- Шанда қалалары түгелімен дерлік қайта салынды. Дархан, Хара, Дзун- хара деген жаңа жұмысшы поселкелері және монголдың шексіз кең байтақ далаларында соңғы жылдардың ішінде пайда болған бірқатар басқа поселкелер салынды.

Көптеген жаңа қалалар мен поселкелер электрлендірілген. Барлық жерде мектептер, ауруханалар, клубтар, кітапханалар және басқа мәдени- тұрмыстық мекемелер жұмыс істейді. Халықтық- демократиялық құрылыс жылдарында шексіз кең далалар өзгеріп, жанданды. Бір кезде мыңдаған километрлік кең далалардағы бірден- бір қатынас жолдары болған тар керуен жолдары ғана өткен жерлерде қазір автомобиль жолдары мен темір жолдар салынған. Республиканың астанасы Улан Баторда достығы жарасқан Қытай Халық Республикасымен байланыстыратын жаңа темір жол магистралі салынып жатыр.

Өзінің жоғары оқу орындары, оның ішінде ұлт интеллигенциясының жоғары маман кадрларын даярлайтын Монгол мемлекеттік университеті мен оқытушылар институты құрылды. Халықтың сауатсыздығын жою аяқталып келеді. Кітаптар, газеттер, журналдар басу барған сайын кеңінен өрістетілуде. Марксизм-ленинизм классиктерінің данышпандық шығармаларын, дүние жүзі әдебиетінің таңдаулы шығармалары мен совет жазушыларының кітаптарын монгол халқы өзінің ана тілінде оқыйды.

Монгол халық- революциялық партиясы XII съезінің екінші бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларының жуықта монгол газеттерінде жарияланған жобасында республиканың халық шаруашылығының барлық салаларын онан әрі өркендету, ең алдымен, мал шаруашылығын едәуір өрге бастыру көзделген. Мұнымен қатар, бесжылдық жоспарда өнеркәсіп өндірісінің дәрежесін —бесжылдық ішінде шамамен 46 процент арттыру белгіленді. Халық тұтынатын товарлар өндіруді ұлғайтуға, олардың сапасын жақсартып, ассортиментін көбейтуге ерекше көңіл бөлінді.

МХР-дың халықтық өкмет жылдарында жаңа тұрмыс орнату жолында қол жеткен табыстары мен елде бұдан былай жасалатын қайта өзгерістерді орасан зор жоспарлары монгол халқына Совет Одағы тарапынан қалтқысыз көмек көрсетілуінің арқасында мүмкін болды. «Өз елінің саяси, шаруашылық және мәдени құрылысындағы өзінің барлық табыстары үшін ұлы совет халқының жан-жақты, шын мәніндегі адал ниетті көмегіне бүтіндей және түгелінен монгол халқы борышты, деп жазды жуықта МХР-дың премьер- министрі Ю. Цеденбал, — совет және монгол халықтарының мызғымас достығына өзінің берік сенімін білдіреді, бұл достық монгол халқының жаңа тұрмыс орнату жолында бұдан былай да жаңа табыстарға жетуінің кепілі болып табылады».

Бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің барлық елдерімен бірге, Монгол Халық Республикасы жаңа соғыс өртін тұтандырушылардың тімісқілеу әрекеттеріне қарсы, бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік үшін белсене күресуде. Совет және монгол халықтарының мызғымас достығы Қыйыр Шығыстағы бейбітшілікті нығайту ісіне әрқашан қызмет етіп келді және қызмет етіп те отыр.

**А. АВДЕЕВ.**

# Андрей Януарьевич ВЫШИНСКИЙ

Аса көрнекті мемлекет қайраткері, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты, академик Андрей Януарьевич Вышинский 1954 жылғы 22 ноябрьде жүректің қатты қысылуы нәтижесінде Нью-Йорк қаласында кенеттен қайтыс болды.



А. Я. Вышинский 1883 жылы Одессада туды. Ол жас шағынан революциялық қозғалысқа қатысып, патша охранкасы тарапынан сан рет қуғындалды, жер аударылды және тұтқынға алынды. А. Я. Вышинский 1920 жылдан Коммунистік партияның мүшесі.

1913 жылы Киев университетінің заң факультетін бітіргеннен кейін А. Я. Вышинский әдебиет және оқытушылық қызметімен шұғылданды.

1917 жылдан 1925 жылға дейін А. Я. Вышинский Азық-түлік Халық Комиссариатында, ал, кейіннен РСФСР Жоғарғы Сотында жауапты қызметтерде жұмыс істеп, сонымен бірге Москва мемлекеттік университетінің қылмысты істер жүргізу жөніндегі кафедрасының профессоры болды.

1925 жылдан 1931 жылға дейін А. Я. Вышинский оқу органдарында жауапты жұмыста болды —Москва Мемлекеттік университетінің ректоры, РСФСР Оқу Халық Комиссариаты коллегиясының мүшесі, РСФСР Оқу Халық Комиссариатының мемлекеттік ғылми советі Председателінің орынбасары болып істеді.

А. Я. Вышинский біркатар жылдар бойы (1931—1939 жылдары) совет прокуратурасы мен юстициясы органдарында басшы жұмыстарда істеді— РСФСР прокуроры, РСФСР Юстиция Халық Комиссарының орынбасары, ал содан кейін ССР Одағының Прокуроры болды.

1939 жылдан 1944 жылға дейін А. Я. Вышинский ССРО Халық Комиссарлары Советі Председателінің орынбасары қызметінде болды. Дәл осы жылдарда ол совет дипломатиясының басшы қызметтерінде өзінің жемісті жұмысын атқара бастады: ол ССРО Сыртқы Істер Министрінің орынбасары, Сыртқы Істер Министрі, ал содан кейін ССРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымындағы тұрақты өкілі және сонымен бірге ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары болып келді.

А. Я. Вышинский соғыс жылдарында, сондай-ақ соғыстан кейінгі кезде де көптеген аса маңызды халықаралық кеңестер мен конференцияларға қатысты. Ол Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының сессияларында ССРО делегациясын сан рет басқарды. Халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін қорғап, империалистік агрессияға және жаңа соғыс әзірлеуге қарсы шыққан оның тамаша сөздері барлық елдердің халықтарына мәлім. Сонымен қатар халықтық демократия елдері мен бүкіл демократиялық лагерьдің мүдделерін қорғау ісінде оның сіңірген еңбектері де мәлім.

Совет мемлекетінің жауапты басшы қызметкерінде бола отырып, А. Я. Вышинский сонымен бірге зор ғылми жұмыс жүргізіп келді, бұл жұмысты ол өмірінің ақырғы күндеріне дейін тоқтатқан емес. Ол ССРО Ғылым академиясының толық мүшесі және ССРО Ғылым академиясы Президиумының мүшесі болып келді.

БК(б)П XVIII және XIX съездерінде А. Я. Вышинский Коммунистік партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды.

Өзінің мемлекеттік және дипломатиялық қызметінің бойында А. Я. Вышинский бүкіл күш- жігерін, зор білімі мен талантын Совет мемлекетін нығайту ісіне жұмсады, коммунизмнің ісі үшін, халықаралық бейбітшілік пен жалпыға бірдей хауіпсіздікті нығайту үшін большевиктік жалынды жігермен күресе отырып, халықаралық аренада Совет Одағының мүдделерін қажымастан қорғап келді.

А. Я. Вышинскийдің Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның алдында сіңірген аса үздік еңбектерін Совет Үкметі жоғары бағалады. Ол алты рет Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен наградталды.

Совет мемлекетінің аса көрнекті қайраткерлерінің бірі, талантты совет дипломаты және ірі ғалым біздің арамыздан кетті. А. Я. Вышинский жұмысты жанаямай істейтін, асқан кішіпейіл және өзіне қатты талап қоятын, Коммунистік партияның адал ұлы болған еді.

Совет Одағының және бүкіл демократия мен социализм лагерінің мүдделері жолындағы, бейбітшілік және халықтар арасында достықты нығайту жолындағы белсенді, қажымас күрескер болған А. Я. Вышинскийдің жарқын бейнесін совет адамдары жүрегінде мәңгі сақтайды.

## РСФСР Жоғарғы Советі Президиумы мен РСФСР Министрлер Советінен

Россия Советтік Федеративтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советі Советтік Отанның адал ұлы, Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты **Андрей Януарьевич ВЫШИНСКИЙДІҢ** қайтыс болуына байланысты қатты қайғырады.

**РСФСР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ** **РСФСР МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ**

## А.Я. Вышинскийді жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі комиссиядан

23 ноябрьде А. Я. Вышинскийдің денесі салынған табыт арнаулы самолетпен Нью-Йорктен Москваға жөнелтілген. А. Я. Вышинскийдің денесі салынған табыттың қасында ССРО-ның АҚШ-тағы Төтенше және Полномочиелі Елшісі Г. Н. Зарубин жолдас келе жатыр.

Одақтар Үйінің Колонналы залында марқұммен қоштасуға есік ашық болады. А. Я. Вышинскийді жерлеу Қызыл Аланда болады.

Марқұм А. Я. Вышинскиймен қоштасу үшін Одақтар Үйінің Колонналы залына келуге болатын уақыт туралы және жерленетін уақыт туралы қосымша хабар беріледі.

## Ауқатты тұрмыстың айғағы

Партия мен үкметіміздің совет халқына жасап отырған әкелік қамқорлығының арқасында еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты барған сайын жақсара түсуде. Мұны біздің облыс еңбекшілерінің өмірінен айқын көруге болады. Мәселен, өткен жылы облысымыздағы жыйнақ кассаларындағы еңбекшілер вкладтары 8 миллион сомнан аса артқан болса, үстіміздегі жылдың тек тоғыз айы ішінде бұл сома 12 миллионнан да асып кетті. Бұл уақыттардың ішінде жыйнақ кассаларына ақша салушы вкладшылар саны 10 мыңға жуық өсті.

Облысымыздағы жыйнақ кассалары материалдық әл-ауқаты барған сайын өсіп отырған еңбекшілердің адал еңбегімен тапқан қаржыларын жыйнап, қажетті уақыттарда оларды өздеріне қайтарып беріп отырады. Сол сыяқты, бұл жыйнақ кассаларында мемлекеттік заемдардың тиражы бойынша шыққан ұтыстар төленеді.

Жыйнақ кассалары процент және ұтыс түрінде еңбекшілерге жыл сайын жүздеген мың сом қосымша ақша төлеп отырады. Мәселен, 1953 жылы облысымыздың жыйнақ кассалары еңбекшілерге 800 мың сом кіріс төледі. Ал, үстіміздегі жылдың тоғыз айы ішінде 1 миллион 200 мың сом ақша төленді.

Еңбекшілер мемлекеттік жыйнақ кассаларына вкладшы болу арқылы өздерінің адал еңбектерімен тапқан сомаларын кірісті түрде сақтай алатын болса, екіншіден бұл жыйнақ кассаларында сақталған ақшалар Отанымыздың күш-қуатын арттыруға көмектеседі. Сондықтан да жыйнақ кассалары қызметкерлерінің алдына мемлекеттік зор маңызы бар міндет жүктелген.

Шындықты айту керек, вкладшылар санының өсу түріне қарағанда әлі де болса село еңбекшілерін жыйнақ кассаларына өз қаржыларын аз салатындығы байқалады. Мұның өзі ауыл-селолық жерлердегі жыйнақ кассалары қызметкерлерінің еңбекшілер арасында жыйнақ кассаларында ақша сақтаудың еңбекшілердің өзі үшін және мемлекет үшін қаншалықты пайдасы барлығы туралы үгіт-насихат жұмыстарын әлі де болса кең көлемде жүргізе алмай отырғандығын көрсетеді.

Облысымыздағы жыйнақ кассалары вкладшыларының саны, сол сыяқты онда сақталатын ақшалар сомасының барған сайын өсуі облыс еңбекшілерінің материалдық тұрмысының барған сайын жақсарып отырғандығының, олардың патриоттық сезімдерінің артып отырғандығының айқын айғағы. Ал жыйнақ кассалары қызметкерлері бұл саладағы өздерінің міндеттерін қажырлылықпен абройлы түрде орындауға жетісуге тиіс.

**В. ДАМАСКИН,**

**Облыстық жыйнақ кассалары басқармасы оперативтік бөлімінің бастығы.**

## Омарта шаруашылығын өркендете береміз

## Оқу - тәрбие жұмысы жақсартылсын

Преснов ауданының Архан жетіжылдық мектебі үстіміздегі оқу жылының бірінші тоқсанын елеулі кемшіліктермен аяқтады. Мұнда 271 оқушының 54-і бірнеше пәндер бойынша тоқсандық қорытындыда нашар бағалар алды. Бұған мектептегі оқу- тәрбие жұмысын ұйымдастыруда елеулі хателіктер жіберіліп, оқытушылардың оқу үлгерісін жақсарту үшін белсенді күреспегендігі себеп болды. Кейбір оқытушылар өздерінің сабақтарын терең мазмұнды, жоғары идеялық сапада өткізе білмеді. Сонын салдарынан оқушылардың өтілген материалдарды меңгеруі нашар болды. Мысалға төртінші класқа сабақ беретін Макеева жолдастың жұмысын алайық.

Макеева жолдас сабақ өткізгенде оқушылардың өтілген материалдарды толық түсінуін қадағалап отырмайды. Ол грамматикадан сабақ берген кезде түсіндірген ережелерді оқушылардың өз сөйлемдерін дұрыс құра білуі үшін пайдалануын талап етпейді. Сол сыяқты класта оқушылардың тіл байлығын арттыру үшін де ешқандай жұмыс жүргізілмейді. Макеева оқушылардың ата-анасымен де ешқандай байланыс жасамайды. Бұған оқу жылының үш айға жуық мерзімі ішінде оның бірде-бір оқушының туысқандарымен әңгімелеспегені айқын дәлел. Мұндай кемшіліктердің салдарынан бұл кластағы 28 оқушыдан 16 оқушы тоқсандық қорытындыда сабақ үлгермеді.

Мұндай кемшіліктер басқа оқытушылардың жұмысында да бар. Мектепте, әсресе Y-YII кластарда орыс тілі пәнін оқытудың сапасы өте төмен. Жазбаша жұмыстар мезгілінде жүргізілмейді және оқушылардың жазбаша жұмыстарда жіберген хателерін қайткен күнде жылдам жою жолдары қарастырылмайды. Мектепте орыс тілі пәнінен сабақ беретін Омарова, Слепцова, Балахонцева жолдастар сабақтардың мазмұнды болу жағына көңіл бөлмейді. Бұл оқытушылардың сабақ беретін кластарындағы оқушылардың көпшілігі нашар үлгеріп жүр. Ал оқытушы Челазнова сабақ беретін математика пәнінен 11 оқушы үлгермеді. Челазнова сабақтарды тек қана лекция әдісімен өткізіп, ешқандай жаттығу жұмыстарын жүргізбейді. Оқушылардың сабақтан тыс өз беттерімен есептер шығарып жаттығуына мән берілмеген.

Мектеп директоры Хлеводарова және оқу ісінің меңгерушісі Прядко жолдастар оқу-тәрбие жұмысындағы бұл сыяқты кемшіліктерді кезінде жоюға арналған шаралар қолданып, оқытушылардың жұмысына тиісті методикалық нұсқаулар беріп отырмайды. Тіпті олар мұғалімдердің сабақтарына кіру жоспарын да орындамаған. Ал жекелеген мұғалімдердің ашық сабақтарын өткізу мұнда ұмыт қалған мәселенің бірінен саналады.

Оқу-тәрбие жұмысын жақсартуда оқушылардың туысқандары мектепке көп көмек көрсете алады. Алайда мұнда бұл мәселеге жете мән берілмеген. Соның салдарынан мектептің оқушылардың туысқандарымен байланысы нашар. Жыл басынан бері мұнда ата-аналар жыйналысы бір-ақ рет өткізілген. Мұның өзінде мектеп жұмысындағы өзекті мәселенің бірі. —оқушыларға сапалы білім және саналы тәрбие беру мәселесі талқыланбаған. Ата-аналар үшін лекциялар оқып, баяндамалар жасау ұйымдастырылмайды.

Быйылғы жаңа программа бойынша оқушыларға еңбек тәрбиесін беру ерекше орын алады. Бірақ мектепте еңбек тәрбиесіне арналған сағаттар дұрыс пайдаланылмайды. Әлі күнге қолөнершілер мастерскойы ұйымдастырылмаған. Сабақтарда көрнекі құралдар сирек пайдаланылады. Мұның бәрі оқушылардың сабақ үлгерісін төмендетуге себеп болып отыр. Архан жетіжылдық мектебінің коллективі бұл кемшіліктерді дереу жоя отырып, оқу-тәрбие жұмысын шұғыл жақсартулары керек. Бұған Преснов аудандық оқу бөлімі де жете назар аударуға тиіс.

**С. ҚАНАФИН,**
**(Өз тілшіміз).**

## Колхозшылардың сүйікті орны

Өрнек ауылдық Советі жанында (Приешім ауданы) ауылдық кітапхана жұмыс істейді. Кітапхананың жұмысын комсомолец Мағзұм Бірімов жолдас басқарады. Мұнда колхозшылар мен механизаторлардың мәдениетті түрде дем алып, кітап, газет- журналдар оқуына, әр түрлі тақырыптарға баяндамалар тыңдауына толық жағдай жасалған. Кітапхананың кітап қорында марксизм- ленинизм классиктерінің шығармалары, орыс әдебиеті классиктерінің, көрнекті совет жазушыларының шығармалары бар.

Кітапхананың кітап оқушыларының саны да жыл сайын көбейе түсуде. Қазір мұнда колхозшылардың барлығы дерлік кітап оқушылар болып саналады. Мәселен, колхозшы Б. Сәдуов жолдас быйылғы жылдың өзінде 20-дан астам көркем әдебиет кітаптарын оқып шықты. Сәдуовтың оқыған кітаптарының ішінде Г. Николаеваның «Орақ үстінде», Г. Башировтың «Намыс», тағы басқа шығармалар бар. Ал тракторшылар С. Ғалиев, А. Ахметбеков жолдастар М. Әуезовтың «Абай» романын және ауылшаруашылық әдебиеттерінен «С-80», «Егіншілік негіздері» кітаптарын оқып шықты.

Кітапхана меңгерушісі Бірімов жолдас фермалар мен бригадаларда жұмыс істейтін колхозшыларды да жаңа әдебиеттермен үзбей қамтамасыз етіп, оларда дауыстап газет, журналдар оқуды ұйымдастырады. Қазір кітапхананың жұмысы халық соттары сайлауы қарсаңындағы үгіт- көпшілік жұмыстарын кеңінен жүргізуге бағытталған. Кітапханада үгітшілерге қажетті әдебиеттер мен көрнекі құралдар іріктеліп алынған.

**Қ. ҒАЛИЕВ.**

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

## Есебін тауып екі асап жүргендер

## А. Я. Вышинскийдің табытын алып шыққан самолеттің Москваға келуі

Аса көрнекті мемлекет қайраткері, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің мүшесі, ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты А. Я. Вышинскийдің денесі салынған табытты жеткізген арнаулы самолет 25 ноябрьге қараған түні Нью-Йорктен Москваға келді.

Внуково аэропортының үйі қаралы түрде. Мұнда ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов жолдас, жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі Үкмет Комиссиясының мүшелері М. Г. Первухин, А. А. Громыко, К. П. Горшенин, А. Ф. Горкин және М. А. Яснов жолдастар, марқұмның туыстары мен жақындары, ССРО Сыртқы Істер Министрлігінің жауапты қызметкерлері, Москва қоғам ұйымдарының өкілдері келді. Шетелдік мемлекеттер елшіліктерінің басшылары мен қызметкерлері болды.

23 сағат 50 минутта самолет жерге қонды. Аэродромда әскери эскорт сапқа тұрды. Қайғылы күйлер естіледі. А. Я. Вышинскийдің денесі салынған табыт пен веноктар самолеттен шығарылды. Қаралы процессия қалаға қарай беттеді.

(СОТА).

## А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты көңіл айтулар

БУХАРЕСТ, 24 ноябрь. (СОТА). Румын телеграф агенттігінің хабарлауынша, Румын жұмысшы партиясының Орталық Комитеті, Румын Халық Республикасының Министрлер Советі мен Ұлы ұлттық жиналысының Президиумы Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитетіне, Министрлер Советіне және ССРО Жоғарғы Советінің Президиумына телеграмма жолдап, онда А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты көңіл айтқан.

ТИРАНА, 24 ноябрь. (СОТА). Мынау хабар етілді: Албанияның Еңбек партиясының Орталық Комитеті, Албан Халық Республикасының Министрлер Советінің Председателі Мехмет Шеху және Сыртқы істер министрі Бехар Штюля СОКП Орталық Комитетіне, ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковқа және ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовқа телеграмма жолдап, А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

ПРАГА, 24 ноябрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарлауынша, Чехословак Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Чехословак Халық Республикасының үкметі СОКП Орталық Комитетіне және ССРО Министрлер Советіне телеграмма жолдап, А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты көңіл айтқан.

СОФИЯ, 24 ноябрь. (СОТА). А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты Болгарияның Халық жиналысының Президиумы, Министрлер Советі, Болгария Коммунистік партиясының Орталық Комитеті ССРО Жоғарғы Советіне, ССРО Министрлер Советіне, СОКП Орталық Комитетіне көңіл айтқан телеграммалар жолдады.

ВЕНА, 23 ноябрь. (СОТА). А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты Австрия Коммунистік партиясының Орталық Комитеті СОКП Орталық Комитетіне көңіл айту білдірген телеграммасын жолдады.

ДЕЛИ, 24 ноябрь. (СОТА). Индияның информация бюросының хабарлауынша, А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты премьер-министр Неру ССРО Үкметіне арнаулы хат жолдаған. БҰҰ Бас Ассамблеясының бұрынғы председателі Виджайя Лакшми Пандит «Стейтсмен» газетінде А. Я. Вышинскийді еске түсіруге арналған мақала жариялаған.

КАИР, 24 ноябрь. (СОТА). Египет баспасөзі А. Я. Вышинскийдің өмірі мен қызметіне арналған материалдар жариялауда.

НЬЮ-ЙОРК, 24 ноябрь. (СОТА). Ассошиэйтед Пресс агенттігінің тілшісі Дамаскіден мынаны хабарлады: Сирияның премьер-министрі Фаиc Эль-Хури А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты «Арабтар Біріккен Ұлттар Ұйымындағы досынан айырылды» деп мәлімдеген.

## А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты БҰҰ Бас Ассамблеясының қаралы мәжлісі

НЬЮ-ЙОРК, 23 ноябрь. **(СОТА-ның арнаулы тілшісі).** ССРО-ның Біріккен Ұлттар Ұйымы жанындағы тұрақты өкілі, Бас Ассамблеяның тоғызыншы сессиясындағы совет делегациясының басшысы ССРО Сыртқы Істер Министрінің Бірінші Орынбасары Андрей Януарьевич Вышинскийдің қайтыс болуына байланысты кеше түстен кейін қаралы Пленум мәжлісі болды.

Председатель Ван Клеффенстің мәлімдемесін ассамблеядағылар орындарынан тұрып тыңдады. Ван Клеффенс былай деді:

Біздің әріптесіміз—Совет Одағының өкілі Вышинский мырзаның кенеттен қайтыс болуы жөнінде қатты қайғыратынымызды менің тағы да білдіруіме рұқсат етіңіздер.

Біздің мәжлістерімізде Вышинскийді көріп, оның сөзін тыңдағандардың бәрі, онымен айтыстарға қатысқандардың бәрі оның тапқыр ойын, дәлел келтіруге шеберлігін, оның шешендік талантын, оның сөзге жүйрік және өткір тілді екенін ешуақытта да ұмытпайды.

Совет Одағының аса көрнекті мемлекет қайраткерінен айрылғанын біздің бәріміз де түсінеміз.

Біз оны еске түсіре отырып, сонымен бірге оның семьясына, оның үкметіне және оның еліне көңіл айтамыз.

Біз өзіміздің ең іскер әріптестеріміздің бірі болған Вышинскийді ұмытпаймыз және оның қайтыс болғанына қайғырамыз.

Бұдан кейін Сирияның, Англияның, Францияның, АҚШ-тың, Индияның, Иранның, Грецияның, Польшаның, Ирактың, Жаңа Зеландияның, Израильдің, Пакистанның, Филиппинның, Тайландтың, Түркияның, Чехословакияның, Оңтүстік Африка Одағының, Бирманың, Белорус ССР-нің, Канаданың, Египеттің, Югославияның, Саудов Аравиясының, Индонезияның, Украин ССР-нің, Либерияның, Авганистанның, Ливанның, Йеменнің, Эфиопияның өкілдері сөз сөйлеп, совет делегациясына, Совет Одағы мен халқына көңіл айтты. Латын Америкасының 20 елінің атынан—Эквадордың өкілі, Скандинавия елдерінің делегациялары атынан —Данияның өкілі, Бельгияның, Голландияның және Люксембургтің атынан—Бельгияның өкілі сөз сөйлеп, көңіл айтты.

А. Я. Вышинскийдің қайтыс болуымен байланысты Совет Одағының ауыр қазаға ұшырағаны жөнінде көңіл айтқан барлық делегацияларға А. А. Соболев совет делегациясының атынан алғыс айтты.

---

Біздің колхоздың мүшелері бұдан үш жыл бұрын омарта шаруашылығын ұйымдастыруды ұйғарды. Оған басшылық етіп омартадан артельге мол табыс келтіруді маған тапсырды. Алғашқы жылы бал аралары үшін ұя әзірлеу ісінде көп кемшіліктер кездесті. Бірақ біз бұдан қорытынды шығаруды дереу кезінде ойластырдық. Ара ұяларының жағдайын жақсарттық. Аралар шырын жинайтын гүлді өсімдіктердің, әсресе, күнбағыс егісінің көлемін ұлғайттық. Осының нәтижесінде 1953 жылы омарта шаруашылығы едәуір өркендей түсті. Ара ұяларының саны 36-ға жеткізілді. Әрбір ұядан алынған балдың мөлшері де едәуір арттырылды. Сөйтіп, ара балын өндіру жөніндегі жылдық тапсырманың толық орындалуы қамтамасыз етілді. Үстіміздегі жылы ара ұяларының санын 42-ге жеткізу жоспарланған еді. Бұл жоспар артығымен орындалып, ара ұялары 46-ға жеткізілді. Осыған байланысты ара балын өндіру жөнінде де кейбір табыстарға жеттік. Бұл жөніндегі жоспар 120 процент болып орындалды. Сөйтіп, колхозға омарта шаруашылығынан мыңдаған сом табыс енгіздік.

Омарта шаруашылығын бұдан былай да өркендете берудің, одан алынатын табысты арттыра түсудің шаралары жүргізілуде. Келесі жылы шырынды көп беретін өсімдіктер мен күнбағыс егістерінің көлемін 13 гектарға жеткізуді көздеп отырмыз. Бұған керекті жер іріктеліп алынды. Өсімдік тұқымдары да әзірленді.

Бал араларын қыста сақтауды дұрыс ұйымдастыру омарта шаруашылығын өркендету ісіндегі аса маңызды мәселе. Сондықтан біз бұған ерекше назар аудардық. Барлық бал аралары жылы орындарда қыстатылуда. Олардың қысқы азығы үшін қант және бал қорын мол жасадық.

Омарта шаруашылығынан көп пайда келтіріп отырған омарташылар елімізде аз емес. Біз солардың әдістерін үйрену және өз ісімізге батыл енгізу арқылы жаңа табыстарға жете береміз.

**А. КОТЯКОВ,**

**Октябрь ауданы, Сталин атындағы колхоздың омарташысы.**

---

## Партияның шақыруы бойынша

Үстіміздегі жылы партияның шақыруы бойынша Соколов ауданының МТС-теріне 200-ден астам адам келді. Олардың барлығы дерлік инженер, агроном, зоотехник, механик, тракторшы, комбайншы болып істейді.

Аудан МТС-тері биыл көптеген жаңа техникамен жабдықталды. МТС-тер 38 трактор, дәнді дақылдар жинайтын 51 комбайн, картоп жинайтын бір комбайн және мал азығын сүрлейтін 2 комбайн, 17 автомашина, 5 корпусты 48 плуг, 33 сеялка, өздігінен жүретін 12 шөп машинасын, 28 культиватор және басқа да ауылшаруашылық машиналарын алды.

---

бас бухгалтері Петр Иванович Тамбовцев бүгін үйіне көңілді оралды.

—Жаңа бастық жаман кісі болмас,— деп ойлады ол бөлім меңгерушісі Валентин Иванович Гончармен осыдан бірер сағат бұрын сөйлескен әңгімесін есіне түсіріп. Ал олардың сөйлескендері болашақ қыстың қамы болатын.

—Қылышын сүйретіп қыс келеді,— деп бастаған еді Тамбовцев әңгімесін,— сіздің үйдің де қысқа әзірлігі шамалы болар. Мына Көкшетау жағында бидай көп, әрі арзан көрінеді. Соған машинамен барып келсек...

—Киноустановка жұмыс істей алмай қалады ғой,—деді Гончар бұл сөзге.

—Оқасы жоқ, бірер күнге жұрт кино көрмесе де өлмес. Ал бос тұрған күннің есебін өзім ептеп реттермін, есеп қолда ғой.

Өз құлқындары үшін бұқара мүддесін аяққа басқан бұлар киноустановканың машинасымен Көкшетау облысына барып бір машина бидай әкелді.

—Авто535тадан машина жалдасақ әр-

болар едік,—деді бұл «кәсіптен» оралған Тамбовцев, —мұртынан күліп, ал кәзір тегінге түскен жоқ па.

Бұдан кейін де машинаның «қыстың қамына» пайдаланылуы жиілене берді. Сөйтіп аз уақыттың ішінде бас бухгалтер мен бөлім бастығының, олардың жақтастарының үйіне 92 текшеметр отын тегін келтірілді.

Гончар жолдас пайда табудың екінші бір көзін тапты—Булаев орта мектебіне таныстықпен физкультура пәнінің оқытушысы болып, қосымша айлықты тағы да қалтасына басатын болды. Ал бұл уақыттарда бөлім жұмысы мүлде бетімен жіберілді. Еңбекшілерге кино көрсету жоспары жартылай да орындалмады, селолық жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына басшылық жасау мүлде естен шығарылды.

Пайдалы орында ебін тауып, екі асап жүрген бұл құлқын құлдары қашанға дейін мемлекет есебінен өз қалталарын толтыра бермек?

**Б. ЖАҚИЯНОВ.**

---

## ЖАҢА ФИЛЬМДЕР КӨРСЕТІЛСЕ ЕКЕН

Аманкелді атындағы колхоз Совет ауданындағы шаруашылығы өркендеген ірі колхоздардың бірі. Мұнда колхозшылардың мәдени-тұрмыстық қажеттерін өтеу үшін көптеген жұмыстар жүргізілген. Колхозда жақсы жабдықталған оқу үйі, радиоторабы жұмыс істейді. Өткен жылдары аудандық мәдениет бөлімінің көшпелі кинолары колхозға жиі келіп, жаңа кинофильмдерді үзбей көрсетіп отыратын еді. Алайда, үстіміздегі жылы бұл игілікті іс жүргізілмей отыр. Көшпелі кинолар колхозға өте сирек келеді. Ал келген күннің өзінде бұрын бірнеше рет көрсетілген ескі картиналар көрсетіледі.

Аудандық мәдениет бөлімінің көшпелі кинолары колхозшыларға жаңа кинофильмдер әкеліп, ауылшаруашылық тақырыптарына арналған ғылми-бұқаралық фильмдерді көптеп көрсетсе екен.

**Ж. АБДЫРАҚМАНОВ.**

---

## ҚОЙЛАРДЫ ҚАЙДАН СУАРМАҚ?

Октябрь ауданындағы «Интернационал» колхозының № 1 бригадасында жел диірмені 1950 жылға дейін жұмыс істеп келді. Колхоз орталығына движок сатып алынып орнатылғаннан кейін бұл диірмен жұмыс істеуден қалды. Колхоз басшылары диірменді күні осы уақытқа дейін не жөндеп, қайтадан пайдалануға беруді, не болмаса оны бұзып, ағаштарын басқа құрылыстардың қажетіне пайдалануды ескермей келеді.

Колхоздың қой фермасындағы құдық жөнінде де осыны айтуға болады. Фермада қойларды суаратын құдықтың тозығы әбден жеткен. Ол бірнеше жылдан бері тазаланған да жоқ. Сондықтан шопандар қойларды алыстығы бір километрден артық жердегі көлге апарып суаруға мәжбүр болып келді. Ал кәзір қыс түсіп, күн суытты, көлдің суы қатты. Енді шопандар қойларды қайдан суармақ, мұны колхоз басшылары ойлай ма екен?

**Қ. ТІЛЕУБЕРДИН.**

---

## „ЛЕНИН ТУЫНЫҢ“ ДАБЫЛЫНАН КЕЙІН

### Колхозшылардың мәдени тілектеріне көңіл бөлінбей отыр

Газетіміздің 1954 жылғы 17 сентябрьдегі номерінде осы тақырыппен тілші хаты жарияланып, онда Булаев ауданындағы Карл Маркс атындағы колхоз басшыларының колхозшыларды мәдениетті қамту мәселесімен жете шұғылданбай отырғандығы жөнінде айтылды.

Еңбекшілер депутаттары Булаев аудандық Совет аткомі председателінің орынбасары Сидоренко жолдас редакцияға мынаны хабарлады:

Мақала бойынша тексеріс жүргізгенде онда көрсетілген фактілер толық анықталды. Аудандық Совет аткомінің мәдениет бөлімі мақалада көрсетілген кемшіліктерді дереу жоюдың бірқатар шараларын қолданды.

Колхоз оқу үйі үшін арнаулы үй, ұсақ мүліктер берді, оқу үйіне қысқа керекті отын жеткілікті мөлшерде дайындалып алынды. Сол сияқты, оқу үйі әдебиеттермен және газеттермен қамтамасыз етілді. Колхозшылар үшін мектепте жиі-жиі кино-фильмдер көрсетіліп тұратын болды.

# Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советі сессиясының жабылуы

СТОКГОЛЬМ, 24 ноябрь. (СОТА). 23 ноябрьдің кешінде Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі сессиясының қорытынды мәжлісі болып, онда әртүрлі комиссиялардың жұмысы туралы хабарлар тыңдалды.

Председательдік етуші Ломбарди (Италия) ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссияның бейбітшілік Советінің бірқатар жаңа мүшелерін сайлауды ұсынғанын жариялады. Ломбарди кандидаттардың тізімін оқып шықты. Сессияға катысушылар Бейбітшілік Советінің жаңа мүшелерін сайлау туралы ұсынысты бірауыздан қабылдады.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің құрамына мыналар сайланды:

Хосе Да Фрота Морейра, парламенттің депутаты (Бразилия);

Альберто Кавальканти, киноискусство қайраткері (Бразилия);

Сезар Дажорсо, методистік шіркеудің басшысы (Бразилия);

Иорис Ивенс, киноискусство қайраткері (Голландия);

Пурбодинингpад, профессор (Индонезия);

Сиражудин Аббас, парламенттің мұсылмандық тобының председателі (Индонезия);

Нино Фольяреви, профессор (Италия).

Бұдан кейін сессия қарарлар мен ұсыныстар қабылдауға кірісті. Сессияға қатысушылар мына документте қарарлар қабылдады.

1. «Европаның барлық мемлекеттерінің жалпы хауіпсіздігін ұйымдастыру мақсатымен олардың ынтымақтасуын қамтамасыз ету үшін»—Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің халықтарға үндеуі.

2. Шетелдік қысым жасалуы және соғыс блоктері мен коалицияларының системалары салдарынан Азияның әртүрлі бөлектерінде туған жағдай туралы карар.

3. Ұлттардың ішкі істеріне шетелдің араласуы салдарынан Латын Америкасы елдерінде туған жағдай туралы хабар.

4. Бейбітшіл күштердің қарусыздандыру жолындағы және жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салу жолындағы күресі туралы қарар.

5. Шетелдік қысым жасалуы және соғыс блоктері мен коалицияларының системалары салдарынан тәуелді және жартылай тәуелді елдерде туған жағдай туралы қарар.

6. Бейбітшіл күштер өкілдерінің Бүкіл дүниежүзілік Ассамблеясын шақыру туралы Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің үндеуі.

7. Бейбітшілікті қорғаудың Бүкіл дүниежүзілік қозғалысының ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ұсыныс (ұйымдастыру мәселелері жөніндегі комиссия енгізген).

8. Ұлы мәдени жылдықтарды өткізу туралы үндеу.

9. Бейбітшілікті қорғаудың Бүкіл дүниежүзілік қозғалысының мәдени жұмысы туралы мәселе жөніндегі ұсыныс (мәдениет мәселелері жөніндегі комиссия енгізген).

Сессия жабылар алдында председательдік етуші Ломбарди қорытынды сөз сөйледі. Бейбітшілік жолындағы бүкіл дүниежүзілік қозғалыстың табыстарын атап айта келіп, ол қазіргі уақытта бейбітшілік жолындағы қозғалыстың қыймылдар жасау сатысына көшкенін атап көрсетті. Мұның нәтижесі Индо-Қытай мен Кореядағы соғыстың тоқтатылғандығы, «Европалық қорғаныс бірлестігін» құру жоспарларының күйретілгендігі болды. Бейбітшілік ісі жолында, деді Ломбарди, бұрынғыдан да гөрі қажырлы күрес жүргізейік. Бұл жолы біздің күресіміз үмітті ғана болып отырған жоқ, сонымен бірге сенімді күрес болып отыр.

Сессияға қатысушылар Ломбардидің қорытынды сөздерін ду қолшапалақтап қарсы алды.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы жабылды деп жарияланды.

# Европаның барлық мемлекеттерінің жалпы хауіпсіздігін ұйымдастыру мақсатымен олардың ынтымақтасуын қамтамасыз ету үшін

## Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советінің дүние жүзінің халықтарына Үндеуі

СТОКГОЛЬМ, 24 ноябрь. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы дүние жүзінің халықтарына үндеу қабылдады. Үндеуде былай делінген:

«Кореядағы және Индо-Қытайдағы соғыстардың аяқталуы және «европалық қорғаныс бірлестігі» жобасының қабылданбай тасталуы мемлекеттерді бөлшектейтін даулы таластар жойылады деген үмітке бүкіл дүние жүзін жеткізіп отырған уақытта, Лондон мен Париж келісімдері халықтарды қатерлі хауіпке душар етіп отыр, ал халықтардың әрқайсысы үшін бұл қатердің мәнісі «вермахтты» қайта тудырғандық болып табылады. Жүзеге асырылған күнде Германияны біріктіруді қамтамасыз ете алатын жаңа ұсыныстар жасалып отырған уақытта, Лондон мен Париж келісімдерін жүзеге асыру неміс халқының демократияшыл және ұлттық күштеріне ауыр соққы берген болар еді, герман милитаризмінің арам ниеттерін қоздырған болар еді және Германия мен Европаны бөлшектеуге еркіндік берген болар еді.

Қарусыздандыру туралы және жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салу туралы ынтызар мәселе жөнінде БҰҰ-да қол жеткен прогресс бейбітшілік орнату үміттерін нығайтып отырған уақытта, Лондон мен Париж келісімдерін жүзеге асыру жанталаса қарулануды жаңадан күшейткен болар еді, ал мұның ауыртпалығы барлық халықтар төзуге болмайтындай дәрежеде жедел айналған болар еді.

Парламенттердің бұл келісімдерді бекітуі келіссөздер жүргізу мүмкіндігін сақтамайтыны былай тұрсын, қайта Европадағы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке жаңа хауіптер төндіретін жағдай тудырған болар еді.

Сонымен халықтар қайғылы альтернативаның алдында: не ақылға сыйымды келісім жасауға жеткізе алатын келіссөздер жүргізу алдында немесе халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуін жоққа шығаруы ықтимал озбырлық әрекетінің —Батыс Германияны қайта қаруландыру және оны соғыс шартына енгізу әрекетінің алдында тұр. Халықтар Лондон мен Париж келісімдерін бекітуге қарсылық жасауға тиіс.

—Халықтар еркін сайлау өткізу жолымен Германияны қайта құру мақсатымен, сондай-ақ Австриямен мемлекеттік договор жасасу мақсатымен төрт державаның арасында тезінен келіссөздер басталуын талап етуге тиіс.

Халықтар барлық европалық мемлекеттердің құрылысына қарамастан, олардың арасында тезінен келіссөздер басталуын, сөйтіп олардың хауіпсіздігін және барлық мемлекеттер арасында ынтымақтасу жолымен жаппай көркейтілуін қамтамасыз етуді талап етуге тиіс.

Ешқандай үкмет, ешқандай парламент халықтың еркіне қарамастан, оның тағдырына өз билігін жүргізе алмайды. Халықтар оңалмас істің жасалуына жол бермейді.

Олар Германияны қайта қаруландыруды жүзеге асыруға жол бермейді және өздерінің бірлескен қыймылы мен Европадағы хауіпсіздікке және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке жол ашады.

**Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі.**

Стокгольм, 23 ноябрь 1954 жыл».

# Бейбітшіл күштердің қарусыздандыру жолындағы және жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салу жолындағы күресі туралы

СТОКГОЛЬМ, 24 ноябрь. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сес-

рарды бірауыздан қабылдауына мүмкіндік берді.

ғашқы шұғыл шаралар ғана болған болар еді, бұл шараларды жүзеге асыру

# Шетелдік қысым жасалуы және соғыс блоктері мен коалицияларының системалары салдарынан Азияның әртүрлі бөлектерінде туған жағдай туралы

СТОКГОЛЬМ, 24 ноябрь. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы «шетелдік қысым жасалуы және соғыс блоктері мен коалицияларының системалары салдарынан Азияның әртүрлі бөлектерінде туған жағдай туралы» қарар қабылдады. Қарарда былай делінген:

Азиядағы жағдайды зерттеп білгеннен кейін, бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы Корея мен Индо-Қытайдағы соғыстарды тоқтатуға көмектескен, Азиядағы бейбітшілік үшін жағдай тудырған және халықаралық шиеленісті бәсеңдетуді жеңілдеткен зор мағналы қуанышты оқыйғалар болғанына өзінің қанағаттанатынын білдіреді.

Женева кеңесінің нәтижелері бейбітшіл күштердің жеңісі болып табылады. Индо-Қытайда соғыс қыймылдары тоқтатылып, соның нәтижесінде дүние жүзінің бұл ауданында көптеген жылдардан бері тұңғыш рет ірі соғыстар енді болмай отыр.

Индия мен Қытай премьер-министрлерінің бірлескен декларациясы мынадай бес принциптің негізінде бейбітшілікпен қатар өмір сүру идеясына нақты форма беріп отыр:

1. Территорияның тұтастығы мен суверенитетті өзара құрметтеу.

2. Бір-біріне тиіспеу.

3. Басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау.

4. Тең праволылық және өзара тиімділік.

5. Бейбітшілікпен қатар өмір сүру.

Бұл принциптерді Азия мен бүкіл дүние жүзінің халықтары қызу қарсы алды және Бирманың, Вьетнам Демократиялық Республикасының, Совет Одағының үкметтері және Индонезия үкметінің басшылары қабылдады. Бұл бес принцип Азияның бейбітшілігі мен коллективтік хауіпсіздігіне негіздер қалап қана қойған жоқ, сонымен бірге бұл принциптердің қабылдануы барлық елдердің арасында бейбітшілікпен қатар өмір сүрудің және достық қатынастардың негізін тудырған болар еді.

Бұл оқыйғалар Азиядағы бірлік пен ынтымақты нығайтып, «азиялықтарды азиялықтарға қарсы соғысуға» зорлықпен көндіруге тырысып отырғандардың үміттерін талқандады. Бірақ соғысты жақтаушылар соғыс шарттарын жасау жолымен, арандататын соғыс әрекеттерін жүргізу жолымен, азиялық ұлттардың ішкі істеріне барған сайын күшті араласу және халықтарға зорлық жасау жолымен Азияда үстемдік орнатуды көздейтін өз жоспарларын жүзеге асыруға үсті-үстіне тырысуда.

Бұл арамниеттерді күйрету үшін және Азияда бейбітшілік пен хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Азия мен бүкіл дүние жүзінің халықтарын мынаған шақырады:

1. Азияда бейбітшілік аймағын ұлғайтып, нығайтыңдар және бес принциптің негізінде бейбіт және коллективтік хауіпсіздік орнатыңдар.

2. Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессиялық блок (СЕАТО) құру әрекеттеріне қарсылық көрсетіңдер және бұл жобаның, сондай-ақ азиялықтарды азиялықтарға қарсы қоятын және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке төнген қатер болып табылатын, мысалы, АҚШ-Пакистан шарты сияқты басқа да соғыс блоктері жобаларының жүзеге асырылуын сәтсіздікке ұшыратыңдар.

3. Азияның барлық аудандарындағы, соның ішінде Малайядағы Батыс Ириандағы (голландиялық жаңа Гвинея) және Гоздағы шетелдік үстемдікпен араласуды тоқтатылуын талап етіңдер. Барлық шетелдік соғыс күштерінің бұл территориялардан әкетілуін сонымен қатар Азия жерінде де барлық шетелдік соғыс базаларының жойылуын және қазірдің өзінде Тынық мұхитта өлім апаттарына әкеліп соқтырған және Азияның меншігіндегі ауа мен суды уландырған атом, сутегі бомбаларын сынайтын хауіпті әрекеттердің тезінен тоқтатылуын талап етіңдер.

4. Қытайдың Тайвань (Формоза) территориясындағы шетелдік интервенцияның тоқтатылуын талап етіңдер, Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы өзінің заңды орнын алатын болуына күш салыңдар.

5. Мүдделі елдердің, бейтарап азиялық мемлекеттерді қатыстыра отырып, корей халқының ынтызар мүдделеріне сәйкес, Кореяны бейбітшілікпен біріктіру жөніндегі конференцияны тезінен қайта бастауын талап етіңдер. Индо-Қытайдағы уақытша бітім шарттарының қатаң сақталуын талап етіңдер.

6. Жапонияны ремилитарландыруға, Азия мен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен хауіпсіздікке қатер төндіріп отырған осы ремилитарландыруға қарсылық көрсетіңдер.

Азияның халықтары тек осындай жолмен ғана бейбітшілікті нығайтуға, жан-жақты прогресті дамыту бостандығына жете алады, сөйтіп бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік орнатуға өз үлесін қоса алады.

Стокгольм, 23 ноябрь. 1954 жыл.

# Нерудің Халық палатасында сөз сөйлеуі

ДЕЛИ, 23 ноябрь. (СОТА). Индия информация бюросының хабарына қарағанда, Индияның премьер-министрі Неру Қытай Халық Республикасына барып келген сапары туралы кеше халық палатасында мәлімдеме жасаған.

Мен Қытай үкметінің басшыларымен

уақытта, Чжоу Энь-лайдың Делиге келген сапары кезінде, халықаралық шиеленісті бәсеңдету проблемаларының талқыланғандығын көрсеткен.

Бұдан бірнеше ай бұрын біз келісімге жеткен принцип, деген Неру бұдан кейін, сірә, елдер арасында достық қатынастар

## ПРАГАДА КЛЕМЕНТ ГОТВАЛЬД МУЗЕЙІНІҢ АШЫЛУЫ

ПРАГА, 24 ноябрь. (СОТА). Кеше Клемент Готвальдтің туғанына 58 жыл толуына байланысты Прагада оның атындағы музейдің салтанатты ашылуы болды.

Музейдің ашылуына қатысқан құрметті қонақтардың ішінде Республиканың президенті А. Запотоцкий, ЧКП Орталық Комитетінің бірінші секретары А. Новотный, ұлттық жыйналыстың председателі З. Фирлингер, партия мен үкметтің басқа да басшылары, сонымен бірге ССРО-ның Чехословакиядағы елшісі Н. П. Сирюбин болды.

Чехословакия Ғылым академиясының президенті З. Неедлы музейдің ашылуына арнап сөз сөйледі.

Салтанатты бөлім аяқталғаннан кейін музейді қору басталды.

Музейде үш бөлім бар: олардың алғашқысы феодализм дәуіріндегі революциялық тарихи көтеріліске арналған, оған XV-XVIII ғасырлардағы гусит қозғалысы мен шаруалар соғысы кіргізілген. Екінші бөлімде Ұлы Октябрь социалистік революциясына, Чехословак Коммунистік партиясының құрылуына, Клемент Готвальдтің өмірі мен қызметіне арналған материалдар жыйналған. Үшінші бөлімде Чехословак республикасында социализм құру дәуіріне қатысы бар экспонаттар мен материалдар енгізілген.

Музейдің соңғы залдарында ЧКП XII съезі, Чехословак еңбекшілерінің бейбітшілік пен халықтар арасындағы достық жолындағы күресі, ұлы Совет Одағы бастаған бейбітшілік пен прогресс лагеріндегі елдердің тығыз ынтымақтастығы туралы материалдар жыйналған.

## СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ҚЫТАЙДА ҚҰРЫЛҒАН ІРІ МЕМЛЕКЕТТІК ШАРУАШЫЛЫҚ

ПЕКИН, 24 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабарына қарағанда, Хэйлунцзян провинциясында (Солтүстік-Шығыс Қытай) ірі мемлекеттік шаруашылық құруға әзірлік ісі жүргізілуде, бұл шаруашылықтың жабдықтарын Совет Одағы тартуға берген болатын.

Жаңа мемлекеттік шаруашылық 27 мың гектар аланды қамтыйтын болады. Қазіргі уақытта Қытай мамандары совет мамандарының көмегімен болашақ мемлекеттік шаруашылық участогі жерін өлшеуді жүргізуде. Жер қыртысы, жер астындағы су мен бұл аудандағы өсімдіктерді зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Жер қыртысының алғашқы түрлері байқауға жіберілді. Мамандар, сонымен бірге, болашақ мемлекеттік шаруашылық территориясынан оңтүстікке қарай ағатын Цзысин өзенінің бойындағы бөгеттерді зерттеуде.

Мамандардың ғылми жұмыстарына осы аудандағы шаруалар көмек көрсетуде.

## ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАУЛАРЫНА ШЫҒАРЫЛҒАН ҮКІМ

ПЕКИН, 24 ноябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің хабар етуіне қарағанда, ҚХР жоғарғы халық сотының соғыс трибуналы

...дыру жолындағы және жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салу жолындағы күресі туралы» қарар қабылдады. Қарарда былай делінген:

Бұдан 4 жыл бұрын Стокгольмде атом қаруына толық тыйым салуға шақырған үндеу барша халыққа жарияланған болатын.

Барлық халықтардың бұл үндеудің төңірегінде жүргізген науқаны Кореяда және Индо-Қытайда атом бомбаларын қолдануға кедергі болды. Халықтардың қажырлы күресі сонымен қатар үкметтерді Корея мен Индо-Қытайдағы соғыс қимылдарын тоқтатуға да мәжбүр етті.

Бірақ бүгін таңда біз жанталаса қарулануының күшейтілуінен және жаппай қырып-жоятын аса күшті қыйратқыш құралдардың үздіксіз дамытылуынан туып отырған соғыс хаупінің алдында қайтадан тұрмыз.

Халықтардың еркі бұл хаупті жоюды тағы да қамтамасыз ете алады және қамтамасыз етуге тиіс.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі БҰҰ-да қарусыздандыру туралы және атом қаруына тыйым салу туралы мәселе талқылауда қол жеткен прогресті қанағаттангандықпен атап көрсетеді. Ол осы нәтижеге келіссөздер жүргізу әдісімен қол жеткенін атап көрсетеді, мұның өзі ымыраға келу жолымен келісімдер жасасуға болатындығын дәлелдеп отыр. Дәл осындай әдіс Бас Ассамблеяның бұл проблемаларды шешуге жол ашатын ка-...рақ Батыс Германияны қайта қарулардыруға және оны Лондон мен Париж келісімдерінің шеңберінде соғыс блогіне енгізуге тырысқан Батыс державаларының әрекеті қарусыздандыруды жүзеге асыруға бағытталған күш-жігерді әлсіретіп, қазірдің өзінде қол жеткен нәтижелерді соққыға ұшыратады.

Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік Советі атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану туралы қазір жүргізіліп жатқан келіссөздерді құттықтайды. Ол сонымен бірге ядролық қуатты соғыс мақсаттарына пайдалануға тыйым салғаннан кейінде ғана адамзат бұл қуатты бейбіт өндіріс үшін толығымен қолдана алады деп мәлімдейді. Ол бұл салада келісім жасасуға, сонымен қатар қатаң тексеру мен бақылауды жүзеге асыру үшін қанағаттанарлық механизм құруға әбден болатындығына кәміл сенеді.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі ұлы державаларды бұл маңызды мәселелер жөнінде қазір талқыланып жатқан ұсыныстар негізінде тезінен келісімге жету үшін күш-жігерін еселеп жұмсауға шақырады. Ол ғылымның қазіргі дәрежесі тұсында оңай және тез табылатын атом, сутегі бомбаларын сынау үшін қарудың барлық әрекеттеріне тыйым салу жөнінде ұлы державалардың тезінен келісімге келуін талап етеді. Ол сонымен қатар барлық үкметтердің түгелімен ядролық қаруды қандай да болса сылтаумен ешуақытта да қолданбауға тезінен міндеттеме алуын қатты талап етеді.

Солай бола тұрса да, бұл қадамдар ал-проблеманы шешуге: жаппай қырып-жоятын барлық құралдарды — атомдық, бактериологиялық және химиялық құралдарды жоюға және қару-жарақты жаппай азайтуға ешуақытта да кедергі болмауға тиіс. Ол-ол ма, бұл шаралардың өздері қару-жарақты жаппай азайту, жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салу туралы және барлық елдерге тексеру топтарын жіберуді көздейтін халықаралық бақылау қою туралы неғұрлым көлемді және неғұрлым маңызды келісімге жету жолындағы зор қадам болған болар еді.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі жаппай және бақылап қарусыздандыру арқасында босатылатын құралдардың, атап айтқанда, экономикалық жағынан артта қалған елдердегі халықтардың тұрмыс дәрежесін көтеруге жұмсалатын болуын қажырлылықпен талап етеді.

Ол Бүкіл дүние жүзінің халықтарын қару-жарақтың жаппай азайтылуын және жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салынуын жер-жердің бәрінде де және әрқашан да талап етуге шақырады. Бұлай болмайынша, бейбітшілік саясатын жүргізу мүмкін емес.

Егер халықтар бұл қасиетті күресте бірігіп, өздерінің бейбітшілікке, өзара түсінісушілікке және адамзат ынтымағына орасан зор талаппен ұмтылып отырғанын үкметтер мен БҰҰ-ға мейлінше батыл мәлімдейтін болса, халықтардың еркі бұл мақсаттарға жетуді қамтамасыз ете алады және қамтамасыз етуге тиіс.

Стокгольм, 23 ноябрь, 1954 жыл.

---

де, деген соның өзінде Неру, біз былай деп таптық: біздің саяси және экономикалық құрылысымызда болып отырған айырмашылықтар біздің көптеген қалаларда, әсресе Азия мен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қамтамасыз етуге бағытталған біздің қимылдарымызда ынтымақтасуымызға бөгет болмауға тиіс. Бейбітшілікті сақтау біздің келіссөздеріміздің негізі болды, өйткені, бейбітшіліктің, жалпы алғанда тиімді жақтарын айтпағанның өзінде, бейбітшілік біздің өз елдерімізде тұрмыста жүзеге асыра алатын болуымыз үшін қажет болып табылады деген пікірді біздің елдеріміздің екеуі де берік ұстап отыр.

Біз бейбітшіліктің соғысқа жол бермеудің негативтік құралы емес, қайта үрейлену мен күдіктенуден азат ететін белгілі бір позитивтік және сауықтыратын құрал екенін, сонымен қатар прогрестік ынтымаққа мүмкіндік беретін белгілі сенім болып табылатынын еске алдық.

Индия мен Қытайдың арасында өзара түсінушіліктің көбірек болып отырған фактісінің өзі, деген Неру бұдан кейін, бұл екі ел үшін ғана емес, сонымен қатар басқа елдер үшін де аса зор маңызы бар фактор болып табылады. Сондықтан премьер Чжоу Энь-лайдың Индияға келіп кеткен сапарының және менің Қытайға барып келген сапарымның белгілі тарихи маңызы бар.

Неру бұдан кейін өзінің Пекинде болған кезінде, сонымен қатар бұған дейінгі ...орнатуға берік негіз қалайтын сияқты.

Менімше, барлық елдердің халықтары бейбітшілікке ұмтылып отыр және олардың бір-бірімен достық қатынастарда болғысы келеді. Бірақ бірқалыпты байланыстар мен өзара түсінушілік жолында кедергілер тұр, бұл кедергілер бір-біріне терең сенбеушілікке әкеліп соқтырды. Мен былай деп санаймын: байланыстар мен өзара түсінушілік орнату жолында тұрған барлық кедергілерді жою бұл сенімсіздікті жоюға көмектесуге тиіс. Мұндай өзара түсінушілік Индия мен Қытай арасында белгілі дәрежеде орнады, сондықтан мұны да неғұрлым кең көлемде құттықтап, қарсы алу керек, міне, мұның өзі Азияда және тіпті бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікке жеткізетін қадам болып табылады.

Женева кеңесі, деп атап көрсеткен Неру бұдан кейін, соғыстан кейінгі тарихтағы бетбұрыс кезең болды. Бірақ, амал қанша, Женева кеңесі нәтижесінде туған бастаған жаңа жағдайды Манила договоры белгілі дәрежеде нашарлатып отыр.

Жалпы алғанда мен былай деген болар едім: менің Қытайға барып келген сапарымның саяси нәтижелері Индия мен Қытай арасындағы неғұрлым терең түсінушілік, олардың нені жақтап және қандай мүдделер үшін жұмыс істеп отырғанын неғұрлым терең түсінушілік, сонымен қатар бұлардың алдында тұрған міндеттердің көбі ортақ міндеттер екенін, сондықтан олардың неғұрлым кең көлемде ынтымақтасуы қажет екенін түсінгендік болып табылады.

---

ғарды, бұлар Қытайдың хауіпсіздігіне қатер туғызатын қылмысты істері үшін айыпталған болатын. 4 адам өлім жазасына, қалғандары әртүрлі мерзімде түрмеде отыруға үкім шығарылды.

## ЦЗИНИН—УЛАН-БАТОР ТЕМІР ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫНДА

ПЕКИН, 24 ноябрь. (СОТА). «Жэньминьжибао» газетінің хабар еткеніндей, 19 ноябрьде Цзинин—Улан-Батор темір жол құрылысында КХР-дың МХР мен шекарасына салынған Эрлянь станциясынан 49 километр жердегі пунктке дейін рельстер төселген.

Бұл күндері жолдың Цзининнен Улан-Баторға дейінгі бойындағы темір жол табаны толығынан әзір болып отыр.

## СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ ИТАЛИЯДАҒЫ КОНФЕРЕНЦИЯ

РИМ, 24 ноябрь. (СОТА). Болоньеде Совет Одағының ауыл шаруашылығы мәселесіне арналған информациялық конференция аяқталды. Конференция «Италия-ССРО» Қоғамы Совет Одағымен достық айлығын өткізудегі шаралар жоспарында ұйымдастырылған болатын. Конференцияға қатысушылар ССРО-дағы суландыру және суару мәселелері жөнінде, колхоздар мен совхоздарды құру жөнінде, ауылшаруашылық саласында советтік ғылми тәжрибе жөнінде, Совет Одағындағы ауылшаруашылық білім туралы және Италия мен ССРО арасында ауыл шаруашылығы өнімдерін айырбастаудың мүмкіншілігі туралы баяндамалар тыңдады.

---

# Шетелдік қысым жасалуы және соғыс блоктері мен коалицияларының системалары салдарынан тәуелді және жартылай тәуелді елдерде туған жағдай туралы

СТОКГОЛЬМ, 24 ноябрь. (СОТА). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы «Шетелдік қысым жасалуы және соғыс блоктері мен коалицияларының системалары салдарынан тәуелді және жартылай тәуелді елдерде туған жағдай туралы» қарар қабылдады. Қарарда былай делінген:

Бейбітшілік жолындағы бүкіл дүниежүзілік қозғалысқа қатысушылар, халықтарды отарлық тәуелділік және езушілік қысымда ұстап тұру үшін қолданылатын зорлық әрекеттерді бейбітшілік ісіне төнген елеулі қатер болып табылады деп, әрқашан да санап келді.

Қозғалысқа қатысушылар, жартылай отар халықтардың ішкі істеріне шетелдік араласу, бұл елдерді агрессиялық шарттарға енгізу, олардың территорияларында шетелдік стратегиялық базалар құру халықаралық қатынастардағы шиеленісті күшейте түседі деп, әрқашанда санап келді.

Лондон мен Париж келісімдері Европа халықтарының хауіпсіздігіне және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке төнген қатер ғана болып табылмайды, сонымен бірге бұл келісімдерді жүзеге асыру өздерінің тынысы да соншалық аянышты, ал кейде тіпті қайғылы болып отырған отар және жартылай отар халықтардың өміріне тікелей және ауыр зардаптарын тигізетін болар еді.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі әртүрлі тәуелді және жартылай тәуелді елдерге туған жағдайдан бейбітшілік ісіне төніп отырған хауіпті дүниежүзілік жұртшылық пікірі алдында тағы да атап көрсетеді. Малайядағы, Кениядағы, Солтүстік Африкадағы қарулы жанжалдардың ашық соғыстарға айналуы және бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікке қатер төндіруі ықтымал.

Индо-Қытайдағы соғыс кезінде бейбітшілік жолындағы бүкіл дүниежүзілік қозғалыс мұндай жанжалдарды бейбіт жолмен тоқтату қажет және мүмкін екенін жариялаған болатын. Бұл жолдың қаншалықты дұрыс белгіленгенін оқиғалар көрсетті. Енді ғі жерде Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі қазіргі уақытта болып жатқан басқа да жанжалдардың неғұрлым тез бейбітшілікпен реттелуін талап етеді.

Таяу және Орта Шығыста алуан түрлі формаларда жүзеге асырылып жатқан және соғыс шарттары мен блоктерін — Түркия—Пакистан шартын, Таяу Шығысқа арналған шартты және басқаларын халықтарға күшпен қабылдату мақсатын көздейтін халықтардың ішкі істеріне шетелдік араласуы бейбітшілік ісіне төндірген қатер болып табылады.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі үлкенді-кішілі барлық мемлекеттер арасындағы қатынастар Индияның, Қытайдың және Бирманың бірлескен декларациясында білдірілген және Біріккен Ұлттар Ұйымының уставына сай келетін бес принципті сақтау шартына негізделуге тиіс деп жариялайды.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі қазіргі уақытта болып жатқан қарулы жанжалдарды тоқтату, барлық халықтардың тәуелсіздігін құрметтеу, олардың ұлттық және демократиялық ынтызар тілектерін жүзеге асыру халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің елеулі факторлары болып табылады деп санайды.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі дүниежүзілік жұртшылық пікірін жалпыға бірдей хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін аса зор маңызы бар бұл принциптердің қабылданылуын және жүзеге асырылуын талап етуге шақырады.

Стокгольм, 23 ноябрь, 1954 жыл.

---

# Вашингтондағы француз-американ келіссөздері

ВАШИНГТОН, 21 ноябрь. (СОТА). Францияның премьер-министрі Мендес-Франстың АҚШ президенті Эйзенхауэрмен және мемлекеттік секретарь Даллеспен келіссөздері аяқталуына байланысты американ-француз мазмұндамасы жарияланды. Мазмұндама жалпы декларациялардан құралған, онда келіссөздердің нәтижелері жайында ешқандай нақтылы пікірлер жоқ.

Мазмұндамада келіссөздерге қатысушылардың «Париж келісімдерінің тезінен бекітілуіне» мүдделі екендігі білдірілген. Мендес-Франс, деп көрсетілген мазмұндамада, «Франция мен Германия арасында барған сайын жемісті қатынастар орнауының перспективасын үміттенгендікпен қарады...бұған да Құрама Штаттар зор маңыз береді». Мазмұндамада өз тарапынан АҚШ-тың мемлекеттік секретары Солтүстік Африкадағы жағдай туралы мәселені «байыптылықпен қарайды» делінген.

Мазмұндамадан байқалып отырғанындай келіссөздердің барысында Индо-Қытай проблемасы да талқыланғанын, мұның өзінде Камбоджа, Лаос және Оңтүстік Вьетнам жөнінде сентябрьде қол жеткен «келісімнің тағы да расталғандығы» атап көрсетілген. Жұртқа мәлім, АҚШ пен Францияның Индо-Қытай жөніндегі сентябрь келісімінде АҚШ Индо-Қытай мемлекеттеріне тікелей соғыс көметін көрсетуге міндеттенген болатын; мұны дүние жүзінің жұртшылығы Женева қарарларын бұзуға тырысушылық деп бағалады.

Француз премьер-министрінің Вашингтондағы келіссөздері құпия жағдайда өтті, ол келіссөздердің мазмұны туралы ешқандай ресми хабарлар жарияланған жоқ. Алайда американ баспасөзі кейбір мәліметтер келтіреді, олар бұл келіссөздердің бағыты мен сыйпаты туралы пікір айтуға мүмкіндік береді.

Баспасөздің хабарларынан байқалып отырғанындай, Мендес-Франстың АҚШ-қа сапар шегуі кең көлемдегі саяси, соғыс және экономикалық мәселелерді талқылаумен байланысты болды. Баспасөз бірқатар талқыланған мәселелер бойынша Мендес-Франс шын мәнісінде Вашингтон алдында тізе бүкті деп атап көрсетеді. Сонымен бірге кейбір мәселелер бойынша американ-француз арасында елеулі алауыздықтар бар екені байқалды.

Ассошиэйтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісінің хабары бойынша, «хабарға қанық дипломатиялық топтар Мендес-Франс бірқатар мәселелер бойынша американдық көзқараспен едәуір мөлшерде келісті деп мәлімдеген».

---

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

---

## Киноларда

**«УДАРНИК» кинотеатрында**

**«ДҰШПАННЫҢ ІЗІМЕН»**

Сеанстар кешкі сағат 5, 6-40, 8-20, 10-да басталады.

**«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында**

**«БОГАТЫРЬ» МАРТОҒА БАРА ЖАТЫР»**

Сеанстар кешкі сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық ағаш саудасы қоймасына қалада жұмыс істеу үшін түпкілікті жұмысқа жұмысшылар және күзетші керек. Еңбекақы смета бойынша төленеді.
Адрес: Ленин көшесі, 48-үй, қалалық Совет, 29 бөлме.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ:** Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Ғазет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02902 Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.